



БЕЙБІТ ӨМІР ТІРЕГІ



7 мамырда Мемлекет басшысы, Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев Жамбыл облысындағы «Отар» 40-шы әскери базасындағы Отан қорғаушы күніне арналған әскери парадқа қатысты.

Қазақстандықтар әскери парадты онлайн-трансляция арқылы тамашалады. Қызыл-ордалықтар үшін А.Тоқамағбетов мәдениет үйінде жұмысқа көрсетілім ұйымдастырылды. Қазақстан Президенті ардагерлерге, сарбаздар мен офицерлерге арналған сөзінде Қарулы Күштер қауіпсіздігіміздің басты кепілі, Отанымыздың бейбіт өмірі мен егемендігіміздің берік тірегі болып саналатынын атап өтті.

– Қазақстанның әскери қызметшілері – барлық дәуірдің тарихындағы ең сұрапыл соғыста фашизмді жеңген батыр бабаларымыздың жауынгерлік ерліктері мен данқын жалғастыратын лайықты ұрпақ. Біз олардың туған жеріміздің өркендеуі мен бейбіт өмірімізді сақтау үшін көрсеткен көзсіз батырлығы мен өшпес ерлігін әрдайым жадымызда сақтаймыз, – деді Елбасы.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы армиямызға мейлінше қолдау көрсетіліп, оның әлеуетін нығайтуға зор мән берілетінін, Қазақстан 2030 жылға қарай заманауи, мобильді әрі жоғары кәсіби армия жасақтау жөнінде мақсат қойып отырғанын жеткізді.

Аумақтық қорғаныс бригадаларының жауынгерлік туларын облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне тапсыру рәсімінен кейін Арнаулы операциялар күштерінің, Мемлекеттік күзет қызметінің, Ұлттық ұланың, Әскери-теңіз күштерінің арнаулы мақсаттағы отрядының, сондай-ақ

аумақтық әскерлердің әскери қызметшілерінің шеруге қатысушы құрамдары сап түзеп өтті.

Зансыз қарулы құрылымдардың шартты базасын жою жөніндегі тактикалық эпизодтарды орындау барысында «Точка-У» тактикалық зымыран кешені, «Град» және «Прима» дүркіндетіп отпашу зымыран жүйесі, МСТА-Б және Д-30 зенбіректері, «Солнцепек» ауыр отпашқыш зымыран жүйесі, «Штурм-С» танкіге қарсы зымыран кешені және Ракета әскерлері мен артиллерияның басқа да қару түрлерінің мүмкіндіктері көрсетілді. Құрлық әскерлері және Әуе қорғанысы күштерінің әскерлері зымыран атып, бомба лақтырды, сондай-ақ барлық қару түрінен оқ атты. Әскери-әуе күштерінің майдандық және әскери авиациясының ұшақтары мен тікұшақтары аспанда әуе шайқасын көрсетті. «Жетісу Барысы» ұшықштар тобы жоғары деңгейде шеберлік танытты.

Әскери парадқа 3 мыңға жуық жауынгер қатысып, 300 әскери техника мен қару-жарақ, 40 ұшу аппараты жұмылдырылды.

Сонында Мемлекет басшысы әскери техника мен қару-жарактың заманауи үлгілерімен танысты, сондай-ақ далалық жердегі ұрыста көрсеткен шеберліктері, оқ ату сәтіндегі мергендіктері және жауынгерлік дайындықтары үшін парадқа қатысушылардың бәріне алғыс білдірді.

ҰРПАҚТАР ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ЖЕҢІС

«Тағзым» алаңында Жеңістің 73 жылдығына орай «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат» атты салтанатты митинг ұйымдастырылды. Оған Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлері, қала тұрғындары қатысты.

Мерекелік шара қаланың орталық көшелеріндегі «Жасампаз жасақ» дәстүрлі шеруінен басталды. Ұлы Отан және Ауған соғысында шейіт болғандар мен елге оралғаннан кейін дүниеден озғандардың құрметіне шеру қатысушылары фотосуреттер алып шықты. Биыл қатарынан бесінші жыл жүзеге асқан мән-мағынасы, тағылымы мол шараға мыңдаған қызылордалық қолдау білдірді. Себебі, әрқайсысының ата-бабасы сол сұрапыл соғыста ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, бізге бейбіт өмір сыйлады.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен митингке қатысушылар «Тағзым» алаңындағы Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, тағзым етті.

Бүгін сұрапыл жылдары майданда кеуделерін от пен окка тосып, ортақ Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғаған ата-бабаларымызға құрмет көрсетіп, еске алу күні. Майдан даласында қасық қандары қалғанын шайқасып, қанша боздақтар азаттық үшін жандарын пиді етті. Қызылорда облысының өзінде 70 мыңнан астам адам майданға кетіп, жартысына жуығы шайқаста қайтыс болды, ал бүгінгі күні арамызда тек 37 ардагер ғана қалды. Ортақ жеңіс үшін өмірлерін құрбан еткен қаһармандарымыздың ерлігін

мәңгі жадымызда сақтау – біздің азаматтық парызымыз, – деді облыс әкімі.

Өңірде көзі тірі Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің біреуі Әбдірауық Сатыбалдиев 361-дивизия құрамында болып, Ленинградты қорғауға қатысқан. 94 жастағы карт майдангер Ұлы Жеңістің 73-көктемін ұрпақтарымен бірге қарсы алып отыр.

– Біздің дивизия Ленинград майданында соғысты. Қаһарман қаланы қорғаудан кейін Балтық бойына қарай жылжыдық. Жеңісті Рига қаласында қарсы алдық. Егемендік алдық, халқымыз аман болсын. Біздің көргенімізді кейінгі ұрпақтар көрмесін, тыныштық болсын, – деді ардагер.

Жастайынан әскер қатарына алынған, қан майданнан аман-есен елге оралған Бөрібай Құлманов биыл 98 жасқа толады. Ол 1941 жылы сұрапыл соғысқа аттанып, Калинин майданында шайқасты. Бөрібай Құлманов майдан даласындағы ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған. Соғыстан кейінгі жылдары аймақтың экономика және мәдениет саласын дамытуға атсалысып, «Еңбек Қызыл ту», «Құрмет» ордендерін иеленді. Бүгінде карт жауынгер үлкен отбасының мұсыл бөйтерегі.

– Сол соғыста мен Мәскеуді қорғадым.

Көптеген бекініс жасап, құрылыс салдық. Ел үшін, халық үшін деп күрестік. Патриотизмде шек болған жоқ. Соғысқа бармайын деген адам болмады. Тек алда тұрған мақсат – жаулы жеңу, жеңіске жету. Сол жеңістің арқасында еліміз аман. Енді соғыс болмасын. Елімізде бейбітшілік болсын, – деді.

Атап өтейік, мереке күндері көптеген патриоттық шаралар ұйымдастырылды. Солардың бірі – Ұлы Жеңіс күніне орай облыстық өкіметану музейінде өткен «Сыр бойы сұрапыл соғыс жылдарында» атты фотожұмысы. Барлық білім беру ұйымдарында Ұлы Отан соғысының ардагерлері және интернационал жастарымен кездесулер өткізілді. Ардагерлерге балғындар да өз тартуын жасады. Балалар ауылының тәрбиеленушілері жылдық есеп беру концертін Жеңіс күніне арнайы ұйымдастырды. Өн-жырдан шашу шашып, сахналық қойылымдар қойды.

Айта кету керек, биыл ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне бір реттік материалдық және әлеуметтік көмек көрсетуге жергілікті бюджеттен 422 млн теңге бөлінді. Сондай-ақ карт майдангерлердің үйін жөндеп, қорақопсысын ретке келтіру секілді жастар бастамалары жыл бойына жалғасуда.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».Б.Е.С.ЖАҢОВ,
Н.Н.УРЖАУБАЙ (сурет).



IV ОБЛЫСТЫҚ МАЛШЫЛАР СЛЕТІ

ЖАҢҒЫРҒАН ДӘСТҮРДІҢ ТАБЫСТЫ ЖОЛЫ

Бүгін және ертең Жаңақорған ауданында малшылар слеті өтеді. 2015 жылдан бастап қайта жаңғырған игі дәстүр атақсіздің жан-жақты дамуына үлкен дем беріп отыр. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының дерегіне жүгісек, соңғы жылдары мемлекеттік қолдаулардың арқасында мал шаруашылығында тұрақты даму тенденциясы қалыптасып, агроөнеркәсіп кешеніне салынып жатқан инвестиция есептеп өсуде. Соңғы 5 жылдың өзінде салаға тартылған инвестиция 23 есеге ұлғайған. Ал облыста мал басы, өткен ғасырдағы ең көп болған уақыты – 1993 жылмен салыстырғанда мүйізді ірі қара – 29,6%, жылқы – 50,4%, түйе саны 52,5%-ке көбейген. Оның ішінде, соңғы 5 жылда ұйымдастырылған шаруашылықтарда ет өндіру 2,7 есеге көбейсе, сүт өндірудің өсімі 1,6 есеге артты.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес алғаш рет ауыл шаруашылығы өнімдерін тарту нарығына кешенді маркетингтік зерттеулер жүргізіліп, облыстың агро-өнеркәсіптік кешенін дамытудың 2020 жылға дейінгі агрокартасы қабылданды. Онда ішкі нарықты молықтыру мен экспортқа өнім шығаруға негізделген екі бағыт айқындалды.

Ал, өткен жылы облыс ауыл ауруынан бұйерлік аймақтан шығуының арқасында былтырғы жылдың өзінде Иранға, Монғолияға, Біріккен Араб Әмірлігіне 2,4 мың бас тірілей қозы ет бағытында экспортталды. Қазір Иран, Қытай, Монғолия, Еуропа, Ресей елдері Қазақстанда өндірілетін табиғи өнімдерге үлкен қызығушылық танытып,

агросекторға инвестиция салуға, өндірілген ауылшаруашылық өнімдерді сатып алуға дайын екендігін білдіруде. Бүгінде облыста ет экспортын қамтамасыз етудің негізі қаланды. «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламаларының аясында мал басы көбейіп, тұқымын түрлендіру жұмыстары жалғасуда. Жанадан 134 дана ұнғима іске қосылып, 25 мың гектар жайылымдықты суландыру қамтамасыз етілді. Асылтұқымды мал шаруашылығымен айналысатын репродукторлық шаруашылықтар құрылуда. Тек соңғы 5 жылда 4,5 мың бас асылтұқымды ірі қара, 36 мың бас қой сатып алынды. Жылына 23 мың бас мүйізді ірі қара малын бордақылайтын алаңдар құрылыстары салынды.

8-бет



ИГІЛІГІ ОРТАҚ БИЗНЕС ОРТАЛЫҚ

Кеше көптен күткен кәсіпкерлік нысанның бірі – «Prima Park» бизнес-орталығының ашылуы өтті. Салтанатты рәсімге облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, барлық заманауи талаптарға сай орталық жұмысына сәттілік тіледі. Сондай-ақ, биыл облыста кәсіпкерлікті қолдау жылы екендігіне тоқталып, шағын және орта бизнесті дамыту негізінде жаңа жұмыс орындары ашылып, салық базасы толықтырылатынын, бұл өз кезегінде жергілікті бюджеттің өсуіне ықпал ететінін жеткізді. Ғимараттың техникалық сипаттамалары тұрғысында нысанның бас құрылысшысы, «Орда Строй холдинг» ЖШС басшысы Мейрамбек Есенғожин тарқатып айтты.



Сәулеті келіскен нысан Қонаев пен Жұрба көшелерінің қиылысында, қалалық мәдениет және демалыс паркінің жанында орналасқан және «Асбон» ЖШС тікелей бастамасымен салынған. Серіктестік директоры Ғани Пірімжановтың айтуынша, жоба құны бір жарым миллиард теңгеге құрайды. Кәсіпкер «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» арқылы жеңілдетілген несие алған.

– Құрылыс төрт жылға созылды. Орталықтың жалпы ауданы шамамен он мың шаршы метрді құрайды, оның ішінде жеті мыңға жуық шаршы метр кәсіпкерлердің кенес ғимараттары, қалған бөлігін 45 орындық қонақ үй алады. Жақын арада ирланд лаунж-бары ашыламыз. Сонымен қатар бизнес орталықта 30 адамға арналған шағын және 80 адамға арналған үлкен конференц зал бар. Үлкен залда қытай және ағылшын тілдеріне синхронды аударма қарастырылған, – деді Ғ.Пірімжанов.

Серіктестік директоры жақында екінші деңгейлі екі банк кенесі осы бизнес орталықта орналасатындығын айтты. Қысқасы, кәсіпкерлер үшін бұл жерде барлық жағдай жасалып отыр, олар мұнда көптеген қызмет түріне қол жеткізе алады.

Мәдір ҚАЛЫМБЕТ,
Б.Е.С.ЖАҢОВ (сурет).

МӘҢГІ ӨШПЕЙДІ МАЙДАНГЕРЛЕР ЕРЛІГІ

Жеңіс күні Арал ауданында да кең ауқымда тойланды. Жиынға тыл ардагерлері және мемлекеттік органдар мен әскери бөлімдердің, құқық қорғау органдарының өкілдері және қала тұрғындары қатысты.

Айтулы күнді атап өту ең алдымен Арал қаласындағы Семей полигоны мен Чернобыль апатын қалпына келтіруге қатысқан азаматтар құрметіне арналған ескерткіш тақтаға гүл шоқтарын қою рәсімінен бастау алды. Осы ретте аудан әкімі Мұхтар Оразбаев бастаған қала тұрғындары Семей полигоны мен Чернобыль апатына қатысушыларға арналған ескерткіш тақтаға және «Тағзым алаңына» гүл шоқтарын қойып, қанды қырғында қаза тапқан майдангерлерді үнсіздікпен еске алды.

Тағылымды шара одан әрі «Тарих ұлықтайтын, ұрпағы ұмытпайтын – Ұлы Жеңіс» атты театрландырылған мәдени көпшілік салтанатқа ұласты. Көпшілік қауымның назарын селт еткізген көрініс барысында «Ұрпағың мәңгі ұмытпас» атты «Жасампаз жасақ» шеруі ұйымдастырылды.

Салтанатты жиында аудан басшысы жұртшылықты Жеңіс мерекесімен құттықтап, ізгі тілегін арнады. Мұнан әрі жиналған көпшілік аудан өнерпаздарының мерекелік концертін тамашалап, Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған эстафеталық жарыстың куәсі болды.

Қазалы ауданының тұрғындары «Жеңіс күні» мерекесін салтанатты түрде атап өтті.

Мерекеге соғыс ардагері Кабақ Смағұлмен бірге тыл еңбеккерлері және тұрғындар қатысты. Аудан әкімі Мұрат Ерғешбаев бастаған азаматтар гүл шоқтарын қойып, Отан қорғау жолында мерт болған жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды.

Мереке «Жеңіс» саябағында жалғасты. Салтанатты шарада аудан басшыы жұртшылықты Жеңіс күнімен құттықтады. Сұрапыл жылдары жа-лын кешкен батырларымыз барлық құрметке лайық екенін айтып өтті.

Айта кету керек, Қазалы ауданынан 10770 азамат майданға аттанса, 6229 жауынгер ғана аман-есен елге оралған. Бүгінгі күнде Пірназар Мырзатаев, Тілеуберген Тобабергенов, Қалеп Бектұрғанов, Лепес Әуесбаев, Кабақ Смағұл секілді майдангерлер аразымзда жүр.

Жосалы кентінің орталық алаңында қармақшылықтар Ұлы Жеңістің 73 жылдығы мерекесін атап өтті. Аудан әкімі С.Мақашов құттықтап, ізгі лебізін жеткізді.

Шарада театрландырылған көріністер қойылып, аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасты. Сонымен бірге майдангерлер мен еңбек және тыл ардагерлеріне құрмет көрсетілді.

Жеңіс пырағын бейбітшілік шырағына айналдырған жалағаштықтарда орталық алаңда мерекені қарсы алды.

Алдымен аудан әкімі Қ.Сәрсенбаев, бір топ еңбек және тыл ардагерлері орталық алаңда орналасқан «Ер есімі – ел есінде» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, Ұлы Отан соғысынан оралмаған боздақтардың рухына құран бағыштап, бір минут үнсіздікпен еске алды.

Қайратбек Әубөкірұлы сұрапыл соғыс кезінде қазақ даласы қандай көмекпен қолдау көрсеткенін, қарыштап дамып келе жатқан ел әлеуетінің барша жетістіктері соғыс өртін өшірген аталарымыз бен аналарымыздың еңбегі арқасында екендігін атап өтті.

Салтанатты шара орталық алаңда театрландырылған қойылыммен жалғасын тапты. Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінің көркемөнерпаздары тұрғындар назарына концерттік бағдарлама ұсынды.

Ұлы Жеңістің 73 жылдық мерекесі Сырдария ауданында кең көлемде аталып өтілді. Мерекелік шара соғыс және еңбек ардагерлерінің, тұрғындардың қатысуымен өткен «Жасампаз жасақ» шеруінен бастау алды.

Шеруге қатысушылар екінші дүниежүзілік соғысына қатысушы ата-әкелерінің суреттері ілінген портреттерін қолына алып, кенттің А.Иманов, Д.Қонаев көшелерімен «Тағзым» алаңына дейін жүріп өтті.

«Тағзым» алаңында Мәңгілік алауға гүл шоқтары қойылып, соғыста шейіт болып кеткен майдангерлерді еске алды. Мерекелік шара орталық алаңда жалғасып, аудан әкімі Ғанибек Қазантаев жиналғандарды Ұлы Жеңістің 73 жылдығымен құттықтады. Соғыс және еңбек ардагерлеріне мерекелік сыйлық табыс етті. Шара барысында әскери парад ұйымдастырылды, аудан өнерпаздары әуелете ән шырақп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Ардагерлерді ардақтап, қарттарды құрметтеу – қанымызға сіңген үрдіс. Әрі мұндай өнегелі қадамның ұрпақ тәрбиесіне де тигізетін әсері мол. Шиелі ауданының әкімі Әшім Оразбекұлы Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің отбасына барып, Ұлы Жеңіс күнімен құттықтады.

Ең алдымен Айдар Жолбаевтың отбасына барған аудан басшысы 98 жастағы соғыс ардагеріне облыс әкімінің құттықтау хатын табыстап, сый-құрмет көрсетті. Мұнан соң Бұғыбай Нәрікбаев және Сәрсенбек Байжановтың шаңырағында болды.

Майдандағы жеңіске тыл еңбеккерлерінің қосқан үлесі зор. Ұлы Отан соғысы жылдарында ерен еңбек үлгісін көрсеткен Серғара Ізтілеуов және Үсенбек Кенебековке құттықтау хат тапсырып, сый-сияпат көрсетті.

Құрметке бөленген соғыс және тыл ардагерлері аудан басшылары-на ризашылықтарын айтып, ынтымағы жарасқан елдің алар асуы мол екендігіне сенім білдірді.

Арада қанша уақыт өтсе де қайғылы қантөгістің қасіретін санадан сызып тастау әсте мүмкін емес. Ұлы Жеңіске жеткізген әрбір майдангерді құрметтеу бүгінгі ұрпақтың парызы. Отан үшін от кешкен жауынгерлердің ерлігі Жаңақорған ауданында да ұлықталды.

– Өмір мен өлім белдескен қан майдандағы боздақтардың әрбір әрекеті ерлікпен пара-пар. Жаумен бетпе-бет келіп, Отан үшін жан киюға әзір болған жауынгерлер осындай қайсарлықтың арқасында жеңіс туын желбіретті емес пе? Біз үшін бүгінгідей бейбіт өмірді бағалай білу басты парыз, – делі аудан әкімі Ғалым Әміреев.

Екінші дүниежүзілік соғысқа Жаңақорған ауданынан 4947 адам аттан-са, олардың 2280-і елге оралмады. Өкінішке орай, Жеңіс туын желбіретіп, елге аман келгендердің қатары жыл санап сиреп барады. Қазір ауданда небәрі 6 майдангер қалды.

Ш.АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ.

АИМАҚ

ҰСТАЗ ЕСІМІ ЕЛ ЖАДЫНДА

Тірлігінде жаққан отымен жан-жағындағыларға жылу таратқан адамның соңында қалдырған ізі де жарқырап жа-тады. Сәден Нұртайұлы әкесі майданға аттанғанда үйелмелі-сүйелмелі 5 баланың естіяры болып қалған еді. Оқудан бос кезде анасына қолқанат болып, колхоз жұмысына ерте араласты. Майданнан хабар күтіп елеңдеген отбасына әкелерінің қаза тапқаны туралы «қара қағаз» келді. Басқа түскен ауыр қайғы мен балаларын жеткіземін деп бейнет кешкен анасы да дүниеден озғанда Сәден небәрі 16 жастағы бозбала еді. Ол иығына жүктелген аманат жүгі ауыр екенін сезінсе де оқуға, білім алуға деген талпынысынан бас тарт-пады.

Туған ауылындағы орта мек-тепті 1948 жылы бітірген соң С.Нұртаев Қызылордадағы бұрын-ғы Н.Гоголь атындағы педаго-гикалық институтқа оқуға түсіп, 1955 жылы тарих факультетін бітіріп шықты. Еңбек жолын Чка-лов атындағы мектепте ұстаздық қызметтен бастайды. Қармақшы ауданы «Ақжар» ауылындағы №28, «Жанақала» кеңшарындағы №185 және Жосалы кентіндегі №183 Ү.Томанов атындағы орта мектептерде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры қызметтерін атқарды.

Өткен ғасырдың 70-жылдары облыс мектептерінде жаңа кезең – пән кабинеттерін құрып, олар-ды жабдықтау жұмысы бастал-ды. №28 Ақжар орта мектебінде пән кабинеттерін құру және жабдықтауда сол кездегі мектеп директоры Сәден Нұртайұлының еңбегі ерекше болды. Осы мектептегі тарих, биология және алғашқы әскери дайындық кабинеттерінің жабдықталуы

үздік деел танылып, марапаттарға ие болды. Тарих кабинеті асар-лардан қазып алынған заттармен толықты. Биология кабинетінен жергілікті өсімдіктер мен аң-құстар туралы мәліметтер орын алды. КСРО Білім ағарту министрлігі жанындағы қазылар алқасы үздік оқу әдістемесі және оқу құралы сайысында тарих пәні бойынша кесте үлгісін ұсынғаны үшін Сәден Нұртайұлын Құрмет Грамотасымен марапаттаған.

С.Нұртайұлы Қармақшы өңі-рінде өмір сүрген дін ғұламала-рының өмір жолын зерттеп, бірнеше танымдық мақалалар «Ислам және Марал баба», «Дін кереметі» деген кітаптар жазды. Жақында қаламгер-ұстаздың көп жылғы ізденушілік туындылары жинақталып, «Кең даланың ұлылығы» деген жаңа жинақ жарық көрді.

Жуырда Қармақшы ауданы Ақжар ауылындағы №28 орта мектепте «Өрлеу» Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» АҚ филиалы облыс бойынша педа-гогикалық қызметкерлердің білік-тілігін арттыру институтының ұйымдастыруымен Қазақстан тарихы пәнінен 9-10 сынып оқушылары арасындағы Сәден Нұртаев атындағы облыстық олим-

МЕРЕЙ

Жуырда Астанадан ақжолтай хабар жетті. Бас қалада өткен республикалық кеңесте біздің аймақ мейіrbикелері марапатқа ие болып, абырой биігінен көрініпті. Соғардың бірі – Сәнімкүл Ізмайлова. Ол облыстық психикалық денсаулық орталығының аға мейіrbикесі.

Жалпы, мейіrbике науқаса ең жақын әрі қамқоршы адам. Өйткені, сыртат жанды ең бірінші болып күтіп алып, шығарып салатын сол. Сол себепті мейіrbикенің өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдына кел-ген науқаса жанашырлық танытуы бөрінен манызды. Одан бөлек, бүгінде орта буын медицина қызметкерлеріне қойылатын талап деңгейі де заман ағымына сай жоғарылады. Қазіргі са-мануаи медбике жоғары білікті, терең білімді әрі қажет болған жағдайда науқасқа психологиялық қолдау білдіре алады. Мейіrbикенің әр күні науқастардың жағдайын жасап, зыр жүгірумен өтеді.

Сәнімкүл де еңбек жолын алғаш бастағаннан күні бүгінге дейін мейіrbикелік істің қыр-сырын меңгеріп, мол тәжірибе жинаған жан. Ол 1960 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1975

жылы орта мектептің сегіз жылдығын бітірген соң Қызылорда медициналық училищесіне оқуға түсті. Оны 1978 жылы бітіріп, еңбек жолын қалалық аурухананың 2-ші терапия бөлімінде мейіrbике болып бастайды. Сол ауруханада жиырма бес жылдай еңбек етті. 2003 жылы облыстық психоневрологиялық ауруханасы-на ауысады. Қазір осы аурухананың 7-ерлер бөлімінің аға мейіrbикесі қызметін атқарады.

Сәнімкүл осы жылдар аралығында мейіrbикелік істің қиын да күрделі, жоғары жауапкершілікті талап ететін, сонымен бірге бойында адамдарға деген жанашырлық сезімнің болуын қажет ететін қызмет екенін жақсы түсінді. Бойында адами ізгілік, өз ісіне деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік болмаса, жаксы маман шықпайтынын айтады ол.

Осындай қасиеттероны өз ортасын-да абыройға, құрметке бөледі. Бүгінде Сәнімкүл өзінен кейінгі жастарға білгенін айтып, мол тәжірибесімен бөлісуден жалықпайды. Жас маман-дар да Сәнімкүлді әрдайым сыйлап жүреді. Оның еңбегі де ескерусіз қалған кезі жоқ. Жуырда ғана Аста-на қаласынан «Ерен еңбегі үшін»

ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

12 мамыр – Халықаралық мейіrbикелер күніне орай облыстық денсаулық сақтау басқармасының ұйымдастыруымен дәстүрлі облыстық үздік мейіrbикелер конкурсы өтті.

Байқауға 36 емдеу мекемесінің орта буын медицина қызметкерлері қатысты. Білім мен біліктілік, кәсіби шеберлік бәсекесі екі кезеңнен тұрды. Алдыңғысында мейіrbикелер білімдерін дәлелдеу үшін тест сынағынан өтсе, соңғысында білігі мен тәжірибесін көрсетті. Конкурсу қорытындысында облыстық онкология орталығының бас мейіrbикесі Айзат Есенбаева «Үздік бас мейіrbике» атанса, облыстық медициналық жедел жәрдем стансасының Қармақшы бөлімшесінің фельдшері Нұрбол Зиядинұлы «Үздік фельдшер» но-минациясына лайық деп танылды. Ал, қалалық №6 емхана акушері Эльвира Абуова «Үздік акушер» атағына ие болды.

Барлыбек БАТЫР.

БРИФИНГ

ҚАЙЫРЛЫ ІСКЕ ҮЛЕС ҚОС!

13 мамыр күні облыс орта-лығында қайырымдылық марафо-ны өтеді. Ігі шарадан түскен қаржы «Шуақты бөбек» қоғамдық қоры арқылы дамуында ауытқушылығы бар балаларға арналған оналту орталығын ашуға жұмсалмақ. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конфе-ренциясында айтылды. Брифинг-ке «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры Жасұлан Алда-бергенов, «Жомарт» мүгедектерге, балалары мүгедек ата-аналарға және тұрмыс жағдайы төмен азаматтарға көмек көрсету» қоғамдық бірлестігінің төрайымы

Майя Наримова, «Шуақты бөбек» қоғамдық қор құрылтайшысы Май-ра Нұрқишева қатысып, бұқаралық шарадан тыс қалмауға шақырды.

– Қайырымдылық – қадірлі іс. Биыл аталған марафонға қатысушылар қатары қалың бола-тынына сенімдіміз. Өткен жылы да осындай шара ұйымдастырылып, жиналған қаражат қаладағы «Жа-стар ұялы» ғымаратының қажетіне жұмсалды. Спорттықшара 13 мамыр күні сағат 09.00-де басталмақ. Оған 16 жастан жоғары адамдар қатыса алады. Қатысушылар Тұңғыш Пре-зидент саябағынан бастап, Бейба-рыс Сұлтан көшесі, Тәуелсіздік

данғылы арқылы Ғ.Мұратбаев атындағы стадионға дейін жүгіріп өтеді. Тіркеу жарнасына келетін болсақ, жеке қатысушыларға бекітілген сома – 500, командалық қатысушылар үшін – 2500 теңге, – делі Ж.Алдабергенов.

Жиында Майя Наримо-ва да алдағы уақытта мара-фонның дәстүрлі түрде өткі-зілетінін айтып, көпшіліктің ұйымдастырушылардың қадамын қолдап, белсене қатысуға ниет танытқандарына алғыс білдірді.

М.СНАДИНҚЫЗЫ.



пиада тұңғыш рет өтті. Институт директоры Б.Елеусіновтің айту-ынша, олимпиаданың қорытынды кезеңіне мектепшілік, аудандық кезеңдерден өткен 30 оқушы келді. Осы байқауда шәкірттердің Қазақстан тарихы пәніне деген ин-теллектуалды және шығармашылық қабілеттері айқындалады. Алдағы жылдары осы олимпиаданы дәстүрлі етіп, республикалық деңгейде өткізу мәселесі қолға алынууда. Қатысушылар интер-активті тақтаның көмегімен тест сұрақтарына жауап берді. Одан үздік нәтиже көрсеткендер деңгейлік тапсырмаларға жауап беру арқылы ұпайлар жинады.

Ұйымдастыру комитеті аудан-дық кезеңнен өткен барлық оқушыларға және жетекші мұ-ғалімдерге арнайы сертифи-кат пен қаржылай сыйақы та-ғайындаған. Пәндік олимпиада қорытындысымен 9-сыныптар ара-сында І орынды Жалағаш ауданы №246 орта мектебінің оқушысы А.Бактиярова, ІІ орынды Арал



төсбелгісін кеудесінде жарқыратып тағып қайтқаны соның бір ғана дәлелі. Сәнімкүл Оразбекқызы еңбеккор, майталман маман ғана емес, ол соны-мен бірге бір отбасының үш перзент тәрбиелеп өсірген ардақты анасы, үш немеренін ақылман, сүйікті әжесі.

Адал еңбектің наны қашан да тәтті болмақ.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».

БӘРЕКЕЛДІ!

Халықаралық мейіrbикелер күніне орай Астана қаласында өткізілген республикалық кеңесте аймақ мейіrbикелері абыройға бөленді.

Атап айтқанда, облыстық меди-цина орталығының бас мейіrbикесі Эльмира Әуезова, облыстық психиатралдық орталығының аға акушері Ақжарқын Әбішева «Ден-саулық сақтау саласының үздігі» төсбелгісімен, облыстық психи-калық денсаулық орталығының аға мейіrbикесі Сәнімкүл Ізмайлова «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Марапат иелеріне құтты болсын айтамыз!

Барлыбек БАТЫР.

Б.АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ.

Б.АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ.

Халықаралық мейіrbикелер күніне орай Астана қаласында өткізілген республикалық кеңесте аймақ мейіrbикелері абыройға бөленді. Атап айтқанда, облыстық меди-цина орталығының бас мейіrbикесі Эльмира Әуезова, облыстық психиатралдық орталығының аға акушері Ақжарқын Әбішева «Ден-саулық сақтау саласының үздігі» төсбелгісімен, облыстық психи-калық денсаулық орталығының аға мейіrbикесі Сәнімкүл Ізмайлова «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Марапат иелеріне құтты болсын айтамыз!

М.СНАДИНҚЫЗЫ.

2 №67-68 (19550-19551)
11 мамыр, жұма
2018 жыл



ауданы №62 орта мектеп-лицей оқушысы Р.Қайырла және ІІІ орын-ды Қармақшы ауданы №29 орта мектептің оқушысы Қ.Мырзағали жеңіп алды. Ал 10-сыныптар сай-ысында І орынға Сырдария аудан-ы №129 орта мектеп оқушысы И.Келдібай, ІІ орынға Қазалы аудан-ы №249 орта мектеп-лицей оқушысы Р.Әзілхан, ІІІ орынға Арал ауданы №57 орта мектеп оқушысы Ж.Жақсылыков ие болды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дип-ломдармен, қаржылай сыйақымен марапатталды.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында туған жерге сүйіспеншілік ұғы-мының мағынасы мен мәнін ашып көрсеткен. Кіндік қаны тамған жеріне қамқорлық жасап, оны түлетуге көмектесу қолынан іс келетін адамдардың әрдайым ой-ында жүреді. Осы күні Сәден Нұртайұлының ұрпақтары аты-нан баласы Р.Нұртаев Ақжар ауылындағы №28 орта мектеп-те тарих кабинетін ашып, оны

соңғы үлгідегі оқу құралдарымен жабдықтап берді. Кабинеттің ашылу салтанатында «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбаса-ры И.Құттықожаяев туған жерге тағзым етудің үлгісін көрсеткен азаматтарға алғысын жеткізді.

Осы мектептің тарих пәнінің мұғалімі Д.Қаражановтың айтуын-ша, кабинет Қазақстан тарихының кезең-кезеңдерін қамтитын қар-талармен, оқулықтармен, стенд-термен, интерактивті тақтамен жабдықталған. Оған қоса өңір мен ауыл тарихына қатысты бай мағлұматтар жинақталған.

Бүкіл ғұмырын шәкірт тәр-биесіне, өлке тарихын зерттеуге арнаған ұстаздың есімі осындай ігі шаралар арқылы ұрпақ жадында жаңғырды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».
Қармақшы ауданы,
Ақжар ауылы.

Г.АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ.

ЗАМАНАУИ МЕЙІРБИКЕ ІСІ БІЗГЕ ДЕ ЖАТ ЕМЕС

12 мамыр – Халықаралық мейіrbикелер күні. Бұл атаулы күннің тамыры тереңде жатыр. Әлем бойынша 1974 жылдан бас-тап мейіrbикелер күнін атап өту туралы шешім қабылданды. Ол Қырым соғысы кезінде жарақат алғандарға көмек көрсету үшін қайырымдылық қызметін ұйымдастырған Флоренс Найтингейлдің құрметіне арналған. Біздің елде бұл мереке 1993 жылдан бастап атап өтілуде. Қазіргі уақытта мейіrbике ісі – денсаулық сақтау саласының манызды бір бөлігі. Бүгінгі таңда орта буын медицина қызметкерлерінің бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету мен аурудың алдын алуда жүргізетін жұмыстарының қаншалықты жауапты да күрделі екені баршаға белгілі. Бұл мамандық несі емделушіге толық күтім жасау үшін өзінің кәсібін психологиялық және рухани қасиеттерін дамытқан, қоғамның белсенді тұлғасы болуы керек. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметтеріне сүйенсек, бүгінде сала-да 9295 мейіrbике тұрғындарға медициналық қызмет көрсетеді. Еліміздің денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру аясында қазіргі заманғы практикалық денсаулық сақтау талаптарына сәйкес келетін жаңа форматтағы мейіrbике ісінің маманын құру, яғни, жоғары білімді бакалавр мамандарын даярлау жолға қойылды. Өткен жылы 81 мейіrbике бакалавр дәрежесін алды. Ал, патронаж-ды мейіrbикелер саны 100-ге жетті.

Жалпы, мейіrbике бүгінгі заман талабына сай дәрігердің тең құқықты серіктесі ретінде тәуелсіз шешімдер қабылдай алуы шарт. Осы орайда орта буын қызметкерлерінің ролін биіктету мақсатында біршама жұмыстар жолға қойылған. Мәселен, қазіргі кезде Қызылорда облысының орта буын қызметкерлерінің Ассоциация-сы құрылып, жұмыс жасауда. Сонымен бірге, ҚР мейіrbике ісін жетілдіру және дамыту мақсатында қабылданған «ҚР Денсаулық сақтау саласының кадрлық ресурстарын дамыту бойынша 2013-2016 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Үкімет қаулысына сәйкес тәжірибе ретінде қолданбалы бакалавриат бағдарламасы мемлекеттік колледждерге енгізілген. Осыған орай, Қызылорда медициналық колледжіне «медбикелік іс» мамандығы бойынша қолданбалы бакалавр мамандарын даяр-лау оқу бағдарламасына сәйкес 21 студент қабылданса, 2016 жылы аталған бағдарлама бойынша жеделдетілген режимде практикалық денсаулық сақтау саласында 3 жылдан кем емес еңбек өтілі бар медбикелер қатарынан 50 студент қабылданған. Бүгінгі таңда қолданбалы бакалавриат білім бағдарламасымен 69 студент білім алып шыққан.

Байқап отырғанымыздай, бүгінде мейіrbикелерге қойылатын талап жоғары. Ендеше, емдеу ұйымдарында тік тұрып, зыр жүгіріп қызмет ететін мейіrbикелер қандай құрметке де лайық.</

ТАРИХИ ШАЙҚАС КУӘГЕРІ



Сталинград шайқасы – тек екінші дүниежүзілік соғыстағы ғана емес, адамзат тарихындағы ең ірі шайқас саналады. Ол 1942 жылдың 17 шілдесі мен 18 қарашасы аралығын қамтыған қорғаныс және 1942 жылдың 19 қарашасы мен 1943 жылдың 2 ақпаны арасындағы шабуыл кезеңдерінен тұрады. Сталинград шайқасы аяқталғанда дүние есігін ашқан сәбидің өзі бүгінде 75-ке келеді екен. Олай болса сол сұрапылдың куәгерін көру тіптен мүмкін емес секілді.

Ал бүгінгі мақаланың кейіпкері – токсанның жетеуін толтырып отырған соғыс және еңбек ардагері Ибрагим Нұрымбетұлы Сталинград шайқасындағы екінші кезеңі басталған 1942 жылдың 19 қарашасы күнгі ғаламат артиллериялық дайындықтың бел ортасында болған адам. Артиллериялық дайындық деп үлкен шабуылды бастар алдында жау шебін ұзақ уақыт снарядтармен төпелеп, есінен тандырулы айтады. Сондайда снаряд түсетін аймақтың координаталарын дәл есептеудің маңызы өте зор. Біріншіден, алдыңғы шептегі өз әскеріңді қырып алмау керек, екіншіден снарядтарды барынша нәтижелі пайдалану болды. Міне, Ибрагим аскал сол уақытта 152 мм-лік гаубицаның есептеушісі болатын. Сонымен қоса артиллерия дивизиясы командиріне байланысшылық қызмет жүктелді. Егер байланыс кабелі үзіліп жатса, жанбұрыша жауған оқтың астында оны қайта жалғастыру да оның мойнында.

Негізінде ол соғысқа 1941 жылы тамыз айында Ташкентте оқып жүргенде сол жақта жасакталған Өзбек дивизиясы құрамында аттанады. Бұл кезде 19-ға толған еді. Ол алғашқыда лейтенанттар дайындайтын оқуға аланды. Алайда, сол кездегі Сталиннің майданда офицерлерден гөрі жауынгерлер көп керек деген бұйрығына сай жоғарыда аталған мамандыққа дайындыққа жіберілді.

Сонымен Сталинград майданына қайта оралайық. Сталинград қоршауын бұзудағы жанкештілік соғыс нәтижесінде Нұрымбетұлы болған бөлімдер алдарында шеп ұстап тұрған Румын армиясын қуып тастады. Осыдан кейін Кеңес әскерлері жау басып алған аймақтарды босата бастады.

1943 жылы Запорожье қаласын азат ету шайқасына қатысты. Гитлер армиясы асау толқындары буырқанған Днепр өзенінің жағасында өте күшті қорғаныс шебін құрған еді. Бұл жерде де қырғын соғыс болды. Осы шайқастардан кейін оған “Ерлігі үшін” медалі тапсырылды. Отан соғысының тарихынан хабардар жандар бұл медальдің орденмен теңескенін жақсы біледі. Келесі тапсырылған награда одан да салмақты болып

шықты. Бірде Ибрагим дивизия командирінің бұйрығымен грузин офицері екеуі жау шебіне қарай тапсырманы орындауға бет алды. Алайда, алдарынан неміс танкілері шыға келеді. Бұлар тездетіп снаряд жарылысынан пайда болған шұңқырларға жата қалып, қолдарындағы гранаталарымен екі танкіні өртеп жіберді. Соның бәрін генерал дүрбімен көріп тұр екен. Бұлар қайтып оралғанда дивизия командирі қазақ жауынгерінің кеудесіне үшінші дәрежелі “Даңк” орденін, қасындағы серігіне “Қызыл жұлдыз” орденін қалады.

– 1945 жылдың ақпан айынан бірыңғай шабуылға шыққан біздер Тирасполь қаласын алдық, Днестрден өтіп Румыния жерін фашистік басқыншылардан босатуды бастадық. Әсіресе, Венгрияны астанасы Будапештті алу оңайға соқпады. Бұл қала үшін соғыс тура бір айға созылды, – дейді ардагер сол кездерді еске алып. Сондағы көрсеткен ерлігіне орай “Будапештті азат екені үшін” медалімен марапатталған еді. Жеңіс туралы хабарды ол Венгрия жерінде естіді. Бұл уақытта оның еншісінде жоғарыда аталған наградаларға екінші дәрежелі “Отан соғысы” ордені де қосылған болатын.

– Біз соғысқа марапат алу үшін емес, керісінше Отан қорғау үшін бардық қой, – дейді бұл жөнінде ардагер. Ол соғыста небір тосын жайттардың орын алатынын айтады. Бірде тапсырманы орындап қайтып келе жатқан уақытында жол шетінде үкілі тұрған шөмеле шөптің қозғалғанын көріп қорқып кетеді. Қаруын кезеп, жақынды түскен сәтте шөптің ішінен бір бойжеткен шыға келеді. Ол жасырынған жау тыңшысы болуы да мүмкін. Ибрагим қызды 18 шақырым жерде орналасқан батальон штабына айдап әкеліп, командирге тапсырады. Тексерсе келгенде ол жаудан қорқып тытылған жергілікті тұрғын болып шықты.

Майдангер тағы бір оқиғаны есіне түсірді. Сталинград қоршауын бұзу кезінде көз жұмған сарбаздарды жинауға қатысқан еді. Оқоп-оқытып аралап жүріп, взвод командирін байқап қалады. Командирі мұның “оқопқа жасырыңыз” деген есті-

мегендей мелшініп тұр

Жанына жүгіріп бардым. Онда үн жоқ. О, тоба, өз көзіме өзім сенбедім. Сол жақ самайдан тиген оқ оң жақ самайдан көктей өттігі. Заматында жаң тапсырған есіл ер оқопқа сүйенген күйі қалшып қатып қалған. Айтпақшы, әлгі командирімің қазасынан ес жия алмай тұрған сәтінде біреу тапырақтап қашқандай болды. Қарасам, аласа бойлы неміс солдатты екен. Жан деген тәтті гой, зытты барады. Жауласқан соң не тұрсыз, бірден автоматтыма қол салдым. Алайда, ол жарықтықтың столы күні бойы еңбектеп жүргендіктен топыраққа толып қалыпты. Жаратушы иесі оған бір жолға өмір берген шығар, қара үзіп кетті, – деп асқасал сәл үнісіз қалды.

“Қырық жыл қырғын болса да, ажалың жетпей өлмейсін” дегендей, қаншама сұрапыл шайқастарға қатысқан жауынгерге 1947 жылы елге аман-есен оралуы жазынты. Бейбіт өмірде де ер-азаматтарды ауыр тіршілік күтіп тұр еді. Майдангер келе шаураға араласты. Кейінірек бухгалтерлік курсты тәмамдаған Ибрагим Нұрымбетұлы Жаңақорған ауданындағы қазір Сүттіқұдық деп аталатын бұрынғы “Красная звезда” шаруашылығында ұзақ уақыт бас есепші болып қызмет атқарды.

“Бас екеу болмай, мал төртеу болмас”. 1950 жылы Нәлшайым Тазабекқызы есімді бойжеткенмен бас қосып, шаңырақ көтерді. Қырық жылдан астам тату-тәтті ғұмыр кешкен жарасымды жұп өмірге қос ұл мен үш қыз әкеліп, ондаған немерелер сүйітті. Нәлшайым аңамыз осыдан жиырма үш жыл бұрын бақилық болды.

Асқалдың құлағы ауырлау есітпеді демесеніз, сөз саптауы, жүріс-тұрысы әлі тың. Күнделікті баспасөзді шолып шығады. Міне, бүгінде гасырға жуық ғұмыр кешкен Жеңіс жауынгері Ибрагим көкеміз 20 немере мен 27 шөберенің шұғына бөленген, жастардың, елдің амандығын тілеген батағы қария.

**Ыдырыс ТӘЖІҮЛЫ,
«Сыр бойы».**



Ұлы Отан соғысының ардагері, ардақты ұстаз Сәрсенбек Байжанов 9 мамыр күні 95 жасты еңсерді. Өмірлік қосағы Жәмилә апа Сейтжанқызы екеуі 10 баланы тәрбиеліп, ұлды-ұяға, қызды қияғы қондырды. Немере сүйіп, шөбересінің қолынан су ішті.

ӘСКЕРИ АНТТЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ҚАБЫЛДАҒАН

Соғыс ардагері әлі де сергек, қарапайым қалпымен өнегелі әңгімелерді, мысалдарды өрбіткенде қызғың тындайды. Арасында домбыраны шерте отырып, ынылдап алатыны да бар. Көбінесе ескі киссаларды толғаса, кейде өзінің өлеңдерін де жатқа айтып отырады. «Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше», демекші сұхбаттасыңыздың әңгімесіне құлақ тұре отырып, асқалдың зердесі мықты, жаны нұрлы, рухани бай екендігін сезер едіңіз.

Пенденің алдағы өмірін – пешенеге жазылғаны, арттағы тағдырын – хисмет, дейді екен діни сенімде. Сәрсенбек аға Байжанов пешенедегісі мен хисметін бірдей таразылайтандардың қатарында. Әрдайым өмірінің оны мен солын безбеге салып, ойға шомып отырады. Бірауық көңілдіңдегісін көкейге шығарып, тұтастарымен әңгіме соғатыныннан өзге, өлең етіп өретіні де бар. Өрине, оған жастай зейінді өскендіі себеп шығар, дегенде көп білімді тіршіліктігі тәжірибелен, өзі оқыған кітаптардан алғандығы анық.

Үстеріне сары ала әскери киім кигізіп, үйіретеміз деп олай-былай біраз жүгіртіп, «өлгенімше Отан қорғаймыз» деп ант қабылдапты, зеңбірек оғы жердің үстің астан-кестен еткен қызыл жалынның арасына кіргізді де жіберді емес пе?! Айтпақшы, әшейінде өзімен өзі томаға тұйық жүретін жас

жігіт Алматы қаласындағы бірер айлық дайындықтан соң, ант қабылдар кезде бір мінез көрсетті. Жас жауынгерлердің барлығы антты орыс тіліндегі дайын текстімен оқып, қабылдап жатты. Ал жауынгер Байжанов бірнеше күннен бері қолынан түспеген әскери уставта жазылған ережеге сай әскери антты орыс тілінде емес, қазақ тілінде қабылдады. Алғашында офицерлер тарапынан қарсылық болғанымен, жауынгер талабы орынды деп саналып, оған мүмкіндік берілді.

Ұлы Отан соғысына 1942 жылдың көктемінде Сталинград түбінде кіркісін жауынгер зұлмат жылдарды, ондағы оқиғаларды айтуға тіптен құлықсыз. Бірде уралап жау шебіне қарай жапатармағай жүгіріп келе жатқандарында жандарына бірден түрс ете қалғандай болды, құлағы шығылдап, басы айналып бара жатқанында көзі шалып қалды, қатарласа бассыз жауынгер жүгіріп келе жатқан секілді... Өнім бе, түсім бе деп қайта қарағанында о тоба әлі жауынгердің денесі бүктүсіп

құлай берді. Басын зеңбірек оғы жұлып кеткені гой, оның жарықшығы бұған да тиген екен, солден соң есінен айырылыпты.

Қол-аяқ, көзден жараланып, госпитальдан бір-ақ шықты. Сонда емделумен жүргенінде бір жыл өте шықты, ұзамай соғыс та бітті. Елге оралды. Қолхозда әртүрлі жұмыстар істеді. Қара жұмысы да, есепші де болды. Кейіннен елуінші жылдары Түркістандағы педагогикалық училищеге оқуға түсіп, бітіріп шығады. Ауылына келіп мұғалім болған Сәрсенбек араға бірер жыл салып, Қызылордадағы пединститутқа сұрытты оқуға түседі. Бес жыл оқиды. «Басында отыз адам түсіп еді, төртеуіміз ғана бітірдік. Оның төртеуі де кемтар, бітіргендердің біреуінің бір аяғы жоқ, біреуі соқыр, жарық маңдай, біреуі асқақ, бәрі де ку соғыстың зардабы. Отыз сегіз жасымда институттың дипломын алдым», дейді өзі.

Ұстаздық жолын зейнеткерлікке шыққан 1991 жылға дейін жалғастырыпты гой. Талай шәкірттің өрісін ашты, тынысын кеңейтті. Бұл да жаратушының берген абыройы, несібісі.

– Тәуелсіз Қазақстанның бәйбісін жетістігінің бәрі – ынтымақ пен бірліктің нәтижесі. Жастарымыз білімді болумен қатар, ел үшін ерінбей еңбек етуі тиіс. Қоғам қауымдауымын нығайды, – дейді майдангер.

**Нұрхаман ЕЛТАЙ,
Шіелі ауданы,
Кердегі ауылдық округі.**



ЕКІ МАЙДАННЫҢ БАТЫРЫ

Қиын-қыстау заманда иығына қару асынып, ерлікпен шайқасқан батырларымыздың қай-қайсысы да құрметке лайықты. Сұм соғыста қан кешіп, Жеңіс күнін жақындықтан жауынгерлердің бірі – Мақсұт Сырғалиев. Ол қос бірдей соғысты көрді. Атқыштар дивизиясы сапында неміс басқыншыларына қарсы бағыс майданындағы шешуші шайқастарға қатысып, жауды шегіндірді. Соғыс аяқталған тұста Қыыр Шығысқа шекара күзетуге аттанды. Жапондарға қарсы жүргізілген кескілескен ұрыста Жеңіс туын желбіретіп елге оралды.

Майдангер 1925 жылы 10 наурызда Арап ауданы, Қаратерен ауылында өмірге келді. Балалық шағы апарашылық кезеңімен түспе-түс келді. Ес білген шағында сол нәубетті басынан кешіреді.

– Өкем, анам да өмір бойы балықшы болды. Күнжорік қамы үшін ерте еңбекке араластық. Ата-анамызға қолқабыс еттік. Отбасында көп бала болғандықтан бізге ауыр тиді. Кейде қармаққа балық та ілінбей қалатын кездер көп. Таршылық, жоқшылық. Жұрттың да жағдайы мез емес. Бізге әкем балықтың сүйегін тастатқызбайтын. Оны кептіріп, талқан қылып, жылы сумен былғап жетісетін. Осыны басқаларға да айтатын. «Балаларға берілдер» дейтін. Күн сайын ашытқан қырылып, дәм-тұзы таусылып жатқандарды көзімізмен көрдім. Осындай сұмдық 4-5 жылға созылды. Өзім де балық ауладым. Басқа салған бұл бейнәтті ешкімге бермесін, ауыртыпашылық қатты болды, – дейді ардагер.

Мақсұт Сырғалиев 1943 жылы Қызыл Армия қатарына қабылданып, соғысқа аттанады. 1944 жылы Батыс майданға бара жатқан оларды кері қайтарып, жапондықтарға қарсы біріккен күшке қосады. Жас та болса жігерлі бозбала 1945 жылдан бастап 1948 жылға дейін Жапонияда шекара қорғайды. Манчжуриядағы Хайлар қаласын жаудан тазартып, Хинган тауларынан өтіп, Харбин қаласын азат етеді. 1948 жылы жапондар тізе бүгіп, елге аман-есен оралды. Ерлігі елсініп, құрметке бөленді.

– Соғыстың аты – соғыс. Ешкімді аямайды. Жасына да, қаріне де қарамайды. Қаншама сарбаздар көз алдымызға қырылып қалды. Жапониядағы соғыста 1 айдың ішінде 12 мың солдат оққа ұшты. Олар әрбір елдің бір-бір азаматы болатын, – деп өткенді еске алған ардагер ауыр күрсінді.

Елге оралғаннан кейін 40 жылдан астам уақыт ауылшаруашылық саласында еңбек етті. Мал да бақты. Тенізден балық аулады. Бүгінде токсанның төріне шыққан ардагер әлі де тын.

1949 жылы жан жары Дарига Салдықзымен бірге шаңырақ көтеріп, отбасын құрды. Өмірлік серігімен талай жыл өмірдің ашы-тыңшысын бірге көтеріп, жақын-туғандарының арасында сыйлы болды. Өмірге ұл-қыздарын әкеліп, немере, шөбере сүйді. Бүгінде Мақсұт ата жапырағы жайқалған алып бөйтерекке ұсайды. Елінің тілегін тілеп, адал ұл болып жаратылып, адам деген ұлы сөзге дақ түсімей, жақсылық пен жамандықтың мәнін жете түсінетін Мақсұттай асқалдың ерлігі мен өнегелі ісін ұрпақтары мақтан етеді.

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан ардагерлер күн санап азайып барады. Елін қорғаған қаһармандардан естелік тыңдау біздер үшін де бір бақыт. Олардың ерліктері ұрпақ жадында мәңгілік сақталары анық.

**Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».**



РЖЕВТЕ ЖЕРЛЕНГЕН СҮЛҮТӨБЕЛІК САРБАЗ

Даңқты қолбасшы Суворовтың «Соғыс соңғы сарбаздың мүрдесі табылып, жерленбейінше аяқталмайды» деген сөзі бар екен. Жетістен кейінгі жетпіс үшінші көктем туып, жер әлем осынша рет қайта жаңарса да, майданнан қайтпаған боздақтарды іздеу толастар емес. Бұл мехнатты тірлікті атқаруда Ресейдегі іздеу отрядтары көп іс тындырды. Туған жердің топырағы бұйырмаған қаншама майдангердің дерегі табылды.

Нұрмағанбет Әбдіреэвтің Сұлутөбеден майданға аттанғаны оның туған бауыры Раушанбектің еміс-еміс есінде. Алмағұдан дайындықтан өткен соң соғысқа кететіні туралы хабарды естігенде анасы Қызылордада жолға жиналды.

– «Сұлутөбеден пойыз тоқтамайды, көре алмай қаламыз» деп заулап жатқан қызыл эшелондарды бағып жүріпті. «Осы атпадан қалмаймыз-ау» деген хат келді. Шешем баласын құшағына соғыр рет қысатынын сезді ме, осы кездесуді тағатсыздана күтті. Кейін ағамнан келген бірз хатты архивке өткіздім. Өйткені оқыған сәйін көңілім құлазып, көз жасыма ерік беремін. Нұрмағанбет елі ішіне қадірлі азамат болды. Жора-жолдас

пен ағайынды сыйлай білетін жігіт еді, – деді қария. Н.Әбдіреэв туралы «Боздақтар» кітабында «1923 жылы туған, қатардағы жауынгер, комсомол мүшесі, білімі орта. 1941 жылы әскер қатарына алынған, №274 атқыштар дивизиясының 961-атқыштар полкі құрамында пүлеметші ретінде соғысқа қатысып, 1942 жылы 12 тамызда қаза тапты. Калинин облысы, Ржев ауданы, Глебово деревнясында жерленген» деген дерек бар. Ағайындары осы кітаптағы мәліметтер арқылы 2016 жылы іздеуді бастады. Әскери комиссариатқа 2011 жылы Северодвинск қаласындағы «Десантник» іздеу отряды сарбаздың сүйегін тапқаны туралы хабар жіберген. Бірақ Қызылорда облысында «Әбдіреэв» тегіндегі 11 адам соғыста жоғалған ағайындарын іздеп жүр екен. Оның үстіне Раушанбек асқасал тәуелсіздік алғаннан кейін тегінен «ә» тіркесін алып тастаған. Хабардың кешігіп жетуінін бір сыры сонда болса керек.

«Десантник» іздеу отрядының мүшесі Евгений Парыгын Раушанбек қарияның қызы Қазынаға ватсап желісі арқылы сарбаз сүйегін қалай тапқанын,

қалтасынан шыққан заттардың суретімен қоса жолдапты. Хатта «Нұрмағанбеттің сүйегін миңа шұңқырынан 69 жылдан кейін таптық. Шамамы, миңа жарылысынан қаза болған. Қасында тағы бір солдат бар екен. Аяқ тұсынан ақ қайын өсіп кетіпті. Амаж жоқ, қайыңды құлатуға тура келді. Қазу жұмыстарын 2 күн бойы жүргіздік. 2011 жылы 14 қазанда түс ауа бастадық та, ертесіне сағат 16-да аяқтадық. Сарбаз туралы дерек винтовка гильзасында сақталыпты. Шеті ішірген гильзаны түртіп қалғаннан-ақ ішіндегі қағаз көрінді. Көзімді қарындашпен «Қзылординский обл. Сыр-Даринский район, ст. Соло-Тюбе. Соло-Тюбинский с/совет, Сыр-Даринский РВК. Абдреев Нурмағанбет, рядовой 1923 г. Каз. Республика, Қзылординская обл.» деп жазылыпты. Нұрмағанбет 1942 жылдың 30 шілдесі мен 23 тамызы аралығында болған Ржев-Сычев басып алу операциясы кезінде 1942 жылдың 10 тамызында қаза тапқан» делінген.

– Серкұл Мырзахметов деген нағашым да соғыста мерт болып, Белково деген деревняда жерленген. Ағам соңғы хатында «Серкұл да кеше оққа ұшты. Менің қасымдағы көмекшім де қаза тапты. Тағы көмекші беретін шығар» деп жазыпты. Кеңес Одағы кезінде әке-шешем әскери комиссариатқа барып іздеу салғанда, «Боздақтарға» жазылған деректен басқа ештеңе табылмады, – деді Раушанбек асқасал.

Расында соғыстың аласапыран шағында деректер де ала-құла болды. Полк командирлері әлгіндей миңа шұңқырына өлген солдаттарды көміп кетеді де, тізімдеген кім жоқ соны жерледік деп есеп береді. Бәлкім, содан болар, «Нұрмағанбет Глебово деревнясында жерленді» деген дерек қате болып шықты. Полунино деревнясында жерленді деген де мәлімет бар. Шыңдығына келгенде ортадағы Харин деген жердегі тоғай ішінен табылды. Нұрмағанбет табылған миңа шұңқыры Глебоводан 4 шақырым, Полунинодан 5 шақырым жерде.

Іздеу отрядының жасаған еңбегіне қарап отырып осынша жанкешті жұмысқа берілген адамдардың табандылығына риза боласын. Әр сарбаздың ағайын-туысын тауып, оларды танып-білуге ұжымдастыра ерекше. Е.Парыгын тағы бір хатында «Мемориалда жылына бір рет жерлеу рәсімі өтеді. Бұл дегеніміз жыл сайын бөлек бауырластар зираты

пайда болады деген сөз. Әр бейіттің басына жерленген жылы жазылған. Нұрмағанбеттің сүйегі 2012 жылдың 22 маусымы күні жерленді» депті.

– 2016 жылы іздеуді бастағанда алдымен сол жақтың әскери комиссариаты мен ауылдық кеңесіне хабарластық. Сол жылы 16 қазанда 8 адам болып Ресейдің қазіргі Тверь облысы, Ржев қаласына жолға шықтық. Туған жердің топырағын апарып Нұрмағанбет атамның басына салдық, аруағына дұға бағыштап, белгісін орналастырдық. Ол жатқан топырақ алып «отомпайған топырағыңды көрсем, арманым болмас еді» деп баласын жоқтап өткен Құлмыза әжеміңіз басына әкеліп қойдық, – деді Қазына әңгімесін жалғастырып.

Сол жолғы сапарда іздеу отрядының басыңлары Жеңіс күні қарсаңында жерлеу рәсімі өтетінін айтып, соған қатысуға шақырыпты. Былтыр 7 мамыр жақындағанда Тверьге тағы жол түсті. Раушанбек қарияға бұл жолы ағасына арналған «Застава святого Ильи Муромца» әскери-патриоттық қайырымдылық қорының «Шагнувшие в бессмертие» медалі табыс етілді.

– Жерленіп жатқан мыңдаған сарбаз сүйектердің көбісінің дерегі жоқ. Аты-жөні анықталғандар тым аз. Сол жерден қазақстандықтарды да жолықтырдық. Жерлеу рәсімінде сарбаздарға көрсетілетін құрметтің барлығы да жасалды, – деді Қазына.

Ржев – 800 жылдан астам тарихы бар ескі қала. Куликов шайқасынан бастап талай нәубетті бастан кешірген. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қанды қырғынды тарихта «Ржев қанқасабы» деп атайды. Билал Жеңіс күні қарсаңында ондағы қазақстандық жауынгерлерге арналған мемориалды кешен қайта жөндеуден өтті. Ржев түбінде №100 және 101 атқыштар бригадалары мен 6 қазақстандық әскери құрама соғысқан. Сол жерде қазақстандық жауынгерлердің 80 проценті қаза тапқан. Сыр бойынан аттанған Нұрмағанбет сарбаздың да сүйегі жат жерде жатқанымен, оны іздеушілер, құрметтеушілер бар.

Ржевтіктер Қызылордадан барған қонақтарды арнайы етік кигізіп, сарбаздың сүйегі табылған ну тоғайдағы батпаққа апарды. Онда соғыс сарбаздарын кастерлеудің қаншама жыл бойы қалыптасқан үрдісі бар. Сондықтан ағайындары жат жердің топырағын жамылып жатқан сарбаздың сүйегін туған елде әкелу туралы әңгіме қозғамапты. Алмазатқа жер ортақ, еңдеше Жер-Ананың тыныштығы үшін жан қиған Нұрмағанбет Әбдіреэв сияқты батырлар рухы ұрпағын желеп-жебеп жүргей.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».**

**Жұртқа Жеңіс сыйлаған
майдангерлер ерлігі біздің
жүректерімізде мәңгі
сақталады және фашизмді
жеңген батырлардың өшпес
даңқы уақыт озған сайын
жарқырай бермек.**

Түтқиылдан тиген жауға қарсы соғыста қаһармандық танытқан жерлесіміздің бірі Әлжан Жалғасбаев еді.

Жалғасбаев Әлжан 1920 жылы 5 мамырда Қызылорда облысының Қармақшы ауданындағы Ақарық қолхозында дүниеге келген. 1926 жылдары ата-анасы қайтыс болғаннан кейін Қазаныдағы балалар үйінде тәрбиеленді. 1934 жылы жолдамамен Жамбылдағы педагогикалық училищеге түсті. Осы оқу орнын бітірген соң Жамбыл облысының Свердлов ауданының орта мектебінде мұғалім болды.

ЖАУЫНГЕР ЖАЛҒАСБАЕВ

Әлжан ата – соғыс қарсаңында офицер атанған санаулы қандастың бірі. 1941 жылдың маусымынан 1942 жылдың желтоқсан айына дейін Өзбекстан ССР-нің Бұқара қаласындағы Подольск артиллериялық училищесінде оқып, әскери Академия жанындағы Фрунзе атындағы білім жетілдіру курсың бітірген.

Құрамында Ә.Жалғасбаев бар батарея соғысқа Орел қаласында кірді. Алғашқы күні-ақ неміс ротасын жойған батарея командирі болып біздің кейіпкер тағайындалды.

Ұрыс қызған шақтардың бірінде жауға әскерді қорғаған бұлар жаудың 10-ға жуық отты нүктеде тұрған зениттік батареясын талқандады.

Ардагер естеліктерінде мына бір оқиғаны ерекше айтар еді. Бірде Шауляй түбінде оларға немістердің тұтқиылдан шабуыл ұйымдастырайын деп отырғаны белгілі болыпты. Оң жақ фланга бойында тұрған танкілердің тұрағы әлсіздеу екендігін ескерген Ә.Жалғасбаев сол тұсқа шахматты түрде үш жерден сержант Юдин, аға сержант Иванчика және сержант Щербактың зеңбіректерін, қояды. Ал сол жақ фланга аға сержант Сержовқа тапсырылды.

Танертең немістер шабуылға шығып, бірден 4 танкі жіберіпті. Осы ұрыста Юдин мен Щербаков жаудың 3 танкісін ж

АСТАНА – ҰЛТ КЕЛБЕТІ, ҚЫЗЫЛОРДА – ҚҰТ МЕКЕНІ



Жер жаралғалы, мына дүние пайда болғалы тарихтың парақтарына жазылып келе жатқан ежелгі Сыр өңірінің ежелгі жылнамасын әлі де бұғып, әлі де тұнып жатқан өз еліміз бен өз халқымыздың көне тарихының алтын қамбасы деп білгеніміз абзал. Кейде асау мінезімен арқырай, кейде сабырсыз күймен сарқырай ағып, кейде сол бір момакан қалпына түсе қалар қасиетті Сырдарияның суындай сырғыған уақыт тезі мен сынының қилы-қилы кезеңдерінде аты мен атауы өзгеріп тұрғанымен затты өзгермеген бір көне ескерткіш бар.

Ол – осы отырған Сіз бен біздің Қызылордамыз! Ол – Сіз бен біздің алтын ордамыз, тал бесігіміз!


Аңызға толы Сырдың жыры да, сыры да тарихқа айналған кезеңдердің екіғасырлық куәгері де осы – Қызылорда!

Он тоғызыншы ғасырдың 1818 жылы Қоқан хандығы кезінде қорған ретінде іргетасы қаланған әуелгі Ақмешіт бұй!

Қоқандықтарды қоқандатып тұра алмаймыз деген желеумен Орынбор генерал-губернаторы Перовскийдің орыс әскерімен баса кірген, сөйтіп 1853 жылдан бастап Перовск атанған қала бұй!

Несін айтасыз, әйтеуір Ақмешіт аталсын, Перовск деп аталсын Сіз бен біздің Қызылордамызға өткен жиырмасыншы ғасырдың 1925-1929 жылдары Кеңестік Қазақстанның астанасы болу жазған еді!

Сол 1925 жылдан бері Қызылорда аталып келе жатқан қаламыздың қазіргі көне үйлері мен ескі көшелерінде халқымыздың алып тұлғалары мен Алаш қайраткерлерінің рухы бар, табандарының ізі сайрап жатыр!



Менің әкем ертегілерді жанындай сүйетін. Ондағы адам ойын неше түрлі қиялдарға жетелейтін сәттердің түбі шындыққа әкелетініне сенетін. Адамзат баласы әлі толық игеріп болмаған, бүкіл Шығыстың философиялық, саяси, діни аспектілерін топтастырған, түйіндеген «Мың бір түнді» ана тіліне аударуы жайдан-жай емес. Мәскеудегі Шығыстану институтында әлемдік әдебиет ескерткіші «Мың бір түнді» оның түпнұсқасынан бір адам толық аударып шықты дегенде: – Ондай адамға сіздер ескерткіш қоюларыңыз керек. Бізде бұндай еңбекті бірнеше ғылыми бөлімдер жүзеге асырады – деп таңқалыпты.

Қалтай Мұхамеджанов «Мың бір түнді» аударуға 15 жыл өмірін сарп етті. Әкемің қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, ұлттық драматургияға қосқан басқа қомақты үлестерін айтпағанның өзінде, ұлт мәдениетінің тарихында оның есімін мәңгі қалдырады деп ойлаймын. Бұл әлемдік әдебиет пен мәдениеттің ұлы ескерткішінің көркемдік және философиялық нәрін, ойнақы тіл мәдениетін өзгертпей өз қалпында тәржімелеуі.

Әкем табиғат берген қарапайымдылығы арқасында жұрттың бәрімен тіл табысатын. Қайтыс болғаннан кейінгі жылы режиссер Александр Головинскиймен ол туралы фильм түсірмекші болдық. Пікір білдіретіндер, естелік айтатындар саны адам айтқысыз көп болды. Ұлы тұлғалар: Давид Кутулытинов, Қайсын Күлиев, Шыңғыс Айтматов, Расул Гамзатовтармен қатар қаншама қарапайым халықтың ынтасы болды десеңізші! Әкем жайлы, оның адами қасиеттерін, жылы күлкісін, мейірімді жүзін, сағынышпен – жерлестері, туған ауылынан – жұмысшылар, Теміртаудан – қойшылар, Сарыарқадан дәрігерлер мен мұғалімдер, таксис жүргізушілері, базардағы саудагерлер, қойшы, бүкіл халық сарғайған сағыныштарын жеткізуге тырысты.

Үй шаруасынан қолы бос болмайтын анам әкеммен Көк базарға (қазіргі Алматының орталық базары) бірге барудан қашқақалтайтын. Бара қалған жағдайда қажетті заттарын тездетіп алып, түскі ас әзірлеуге үйге асығатын. Әкеммен бірге сағаттарға созылатын базар аралауға мен рахаттанатынмын. Себебі қарапайым сатып алу мен саудаласуды көрермендер рахаттана қол соғатын спектакльге айналдырып жіберетін. Әкемді көк базардағы саудагерлер түгел білетін.

Репрессияға ұшыраған молданың баласы болғандығы оның

мінезіне өшпестей із қалдырғандай. Оның замандастарының біразы өзінің және жақындарының өмірі үшін үнемі алаңдаумен жүретін. Ол өмір бойы көленкесіндей ізін калмайтын үреймен күресіп



ӨЛІМ ӨМІРДІҢ СОҢЫ ЕМЕС

өтті-ау. Талай рет жоғары трибунада тұрып сөйлеу мүмкіндігі болғанмен, сабасынан асып сөйлемейтін, жоғары лауазынан түсіп қалғандар жайлы, мейлі ол билікке керексіз адам болсын кейбіреулер сияқты өсектемейтін.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев пен әкемің арасында сыйластығы ерекше болатын. Қонаев республиканы басқарған жылдары жоғары билік әкемді еркелеткен жоқ. Оның дәл, өткір мысқылдары талайларға ұнамаған болуы керек. Әкемің шығармалары КСРО-ның ғана емес, әлемнің сахналарынан шарлап кеткенмен, орыс және шетел классиктерінің шығармаларын қазақшаға аударуы, сахнаға дайындауы (инсценировка) жоғары бағаланғанмен, Қалтай Мұхамеджановты мемлекеттік марапаттау сирек болды. Республика театрларында қойылған пьесалары үнемі марапатталып тұрды. Бірақ ол режиссерларға, актерларға, суретшілер мен сазгерлерге беріліп, автор олардан мақұрым қалып отырды. Әкем оған ренжімеді деп айта алмаймын, еңбегін бағалағанды кім жек көреді. Бірақ ренішін күлкісімен жеңіп, сыртқа шығармауға тырысатын. Бұған әкемді көре алмайтындар көп «еңбек еткен» сыңайлы. Мемлекеттік наградалардан «Халықтар достығы» ордені мен әртүрлі республикалық деңгейдегі мерекелік күндерде берілетін медальдары бар. Қазір

республиканың қалыптасуы мен дамуындағы Қонаевтың қосқан үлесі айтылып жатыр. Сол жарыса мақтағандардың ішінде кезінде оны даттағандар да бар. Қазақстан Компартиясының Қонаевты бірінші хатшылықтан түсіретін съезде көптеген белгілі қайраткерлер бұрынғы жіберген кемшіліктердің бәрін Қонаевқа жаба сөйлеп, оны кінәлады. Ленин сарайынан шығып құлазыған көңілмен үйіне беттей бергенде, менің әкем онымен қолтықтасы жүріп, бүгінгі жиынға еш қатысы жоқ әңгімелер айтады. Мәселе оның әңгімесінде емес, бірнеше ондаған жыл Қазақстанды басқарып, оның гүлденуіне сансыз үлесін қосқан адамның көңілін аулауда ғой. Пенде болған соң бір Алладан басқаның бәрі қателеседі ғой. Бірақ сол

қасиеттерінің бірі – достаса білуі дер едім. Ол ойлы, ашық, таланттыларды жақсы көретін. Талант дегенде тек өнер мен ғылымды ғана емес, адами жылылығы мол, шуағын төгіп тұратындарды ерекше сыйлайтын. Жасына, әлеуметтік жағдайына қарамайтын. Адамдардың бәрін бірдей көретін. Өзінің академиялық білімімен мақтанған емес. Егер ол біреуді жек көрсе, оның жасына, қызметіне қарамай, онымен аяусыз аяғына дейін, әсіресе тарихымызға, ділімізге, мәдениетімізге ешқандай пайда келтірмейтіндермен бел шешіп күресетін.

Әкемің дәл тауып айтатын, өткір сөздері халық арасына кеңінен тарап кетті. Ол жайлы ұзақ айта бергім келеді. Мұхтар Әуезов атындағы академиялық

кездегі КСРО деп аталатын мемлекетке кіретін республикалардың хатшыларының ішінде Қонаевтың ұлы тұлғасы ерекшеленіп тұратын. Ортасынан оқшауланған, биліктен кеткен адамға әкемің соншама құрмет жасағанын ерсі көргендерге:

– Шығыста – өлі Арыстанға қарап түкіру үшін, көп ерліктің керекті жоқ», – деп жауап беретін. Ал мен оған қосар едім: – Биліктен кеткен адамға ешқандай айқай шусыз, көптің көзінше көмектесу, қолдау үшін ерліктің көкесі керек деп.

Өзі ашқан «Түркістан» газетінің бас редакторы ретінде қызмет бабында Алматы қаласының әкімдерімен тығыз байланыста болды. Бірде Нұрқадиловтің орнына келген Шалбай Құлмаханов папам: «Қалек, Сіз Нұрқадилов жөнінде жақсы пікірлесіңіз. Ол қалаға үлкен зиян келтірді, тәртіп бұзды» – дегенде папам күліп: «Шалбай, мен мэр Нұрқадиловтің қаншалықты тәртіп бұзғанын білмеймін, адамдардың қызметімен емес, өздерімен достасамын. Ерген сені орныңнан алғанда мен сенімен амандаспайды деп ойлайсың ба? – деді. Бірнеше жылдан кейін, Құлмахановты орнынан алғанда да папам онымен сыйластығын тоқтатқан жоқ, сол кезде Шалбай папамның бұрынғы айтқан сөзін есіне алған да болар. Папам Алланың берген ерекше

театрда ешқандай жасандылықсыз керемет жиын болды. Мемлекеттік ұйымдардан, мекемелерден келген құттықтаулардан кейін сахнаға жазушылар, ақындар, актерлар, сыншылар толассыз көтеріліп жатты. Әрқайсысы Қалтай Мұхамеджановпен кездесулерінің қызықты тарихтарын тамсана айтады. Зал күлкіден жарылып кетердей, қабырғасы шайқалғандай болғанмен, әкемді жақтағандай сағыныш зарымен жүрсінгендей басылды. Шыңғыс Айтматовпен жазған әлемді шарлап кеткен «Көкөтебегі кездесу» пьесасынан кейін фуршет болды. Жұрт онда менің әкеммен өткен кездесулерін жарыса айтып, сол бір бақытты сәттерді еске алды. Менің әкемнен көрген жақсылықтарын, кейбір қиын кездерде қол ұшын бергенін де айтушылар аз болған жоқ.

Ешкімнің тарағысы жоқ, әкемің қайырымдылық қасиетін айта беруден ешкім жалқыспайтынды. Әкем ол дүниеде жатса да, адамдардың өзіне деген шынайы сезімдерін ұйымдастырғандай көрінді маған. Әкемің шын мәнінде Халық Жазушысы деген құрметті атаққа лайық екенін сезіндім. Папамның досы Герольд Бельгердің «Өлім өмірдің соңы емес» деген сөзінің негізінде шындық жатқанына көзім жеткендей.

Жәмила
МУХАМЕДЖАНОВА

«СОҢҒЫ ПАРЫЗ» – АШЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫНДА

Арал қаласының Мәдениет үйінде облыс мектептерінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері арасында «Теңіз тағдырын толғаған туынды» атты ашық диалог алаңы – дебат өтті. Аталған мәдени шара «Халықаралық кітап күні» мерекесіне орай ұйымдастырылып, Арал теңізі айдынынан түлеп ұшып, бүгіндері есімі төрткүл дүниеге танылған белгілі суреткер, Қазақстанның Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы кейіпкерлер әлемін талдауға арналды.

Маңызды шараның идеясын ұсынған аймақтық «Рухани жаңғыру орталығы» мен «Өрлеу» БАҰО АҚ облыстық педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты екендігін атап айту қажет. Сондай-ақ шараның сәтті ұйымдастырылып өткізілуіне аталған мекемелердің жауапты қызметкерлері Әлима Жақыпқызы мен Мария Айтбайқызының сіңірген еңбектері зор. Осы ретте жеке қазақ қаламгерлерінің көркем туындысына арналған облыстық деңгейдегі әдеби-мәдени сұхбат алаңының алғаш рет шалғайдағы аудан орталығында өткізілуі де жұртшылық назарын аударды. Өрине, даңқты жерлесіміз, қазіргі қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі әрі абыз ақсақалы

Әбекеңнің шығармашылығына арналған шараның табысты өтуіне аудандық білім, ішкі саясат, мәдениет бөлімдерінің басшылары мен жауапты мамандары белсенді қолдау көрсетті.

Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» – бағдарламалық мақаласының бір жылдығына орайластырыла өткізілген әдеби кештің шымылдығы ауданаралық көрмемен ашылды. Алдымен, аудандық Оқушылар үйінің өнерпаздары «Қазақ биін» билеп, көрермендер көңілін бір көтеріп тастады. Мұнан соң аудан тұрғындары мен қонақтар көрме сөрелерінен дебатқа қатысушы ұстаздар мен мектеп оқушыларының Әбекеңнің теңіз тағдырын толғаған шығармаларының сюжеті бойынша салған суреттерін, өз қолдарымен жасаған көлөнер бұйымдарын және атакты жазушының әр жылдары баспа бетін көрген кітаптарын тамашалады. Оқушылар салған суреттер «Соңғы парыз» романы кейіпкерлерінің тағдыры, шығарманың әсерлі эпизодтары мен өзге де сюжеттік композициялардың көрініс табуымен есте қалды. Сондай-ақ, пенопластан ойыншталып, безендірілген «Арал» ақ кемесі, Әбекеңнің өзі штурвалда отырған шағын катердің фотомонтажы да көрермен көңілінен шыққандай. Көрме сайысының қорытындысы бойынша жүлделі бірінші орын – Арал ауданына, екінші орын – Қазалы ауданына және үшінші орын Жалағаш ауданына бұйырды.

Жеті ауданның үздік әдебиетшілері атсалысқан әдеби дебаттың ашылу салтанатына аудандық білім бөлімінің басшысы С.Жанназарова, «Толқын» газетінің бас редакторы А.Елеш, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының аудандық филиал төрағасы Ж.Жақып, білім саласының ардагер ұстаздары Н.Оспанов, А.Жолмағамбетов, А.Бөлекбаев, ардагер журналистер Ж.Кемалов, Қ.Дәуітова, т.б. әдебиетке жанашыр азаматтар қатысты.

Дебаттың ашылу салтанатында алғашқы «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Т.Қанатов әдебиетші ұстаздарға тілектестік білдірді.

Әдеби сайыс кезінде әр топ «Соңғы парыз» романындағы басты кейіпкерлердің іс-әрекеті мен сюжеттік тағдырын «жақтаушы» және «даттаушы» негізінде қарастырып, романдағы оқиға көріністерін әр қырынан тереңдей талдады және өздері түйген ой-пікірлерін ортаға салды. Дебат барысында әр екі ауданнан үш-үштен жұптасқан алты ұстаз өздерінің теориялық білімі мен шығарма сюжетін терең менгерген жеке біліктілік қасиеттері арқылы шешендік қасиеттерін жан-жақты көрсетіп, көрермен көпшілікке үлкен ой салды. Сонымен бірге олар көркем әдебиеттің адам баласының рухани кемелдену үдерісіндегі маңызды рөлін таныта отырып, өздері де ұстаз ретінде оқушылардың белсенді азаматтық болымын, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыра ала-




тын жоғары қабілетке ие екендіктерін дәлелдеп берді.

Үш кезеңнен және қорытынды бөлімнен тұратын сайыстың қағидалары бойынша ашық диалог алаңының мазмұны ҚР Президенті Н.Назарбаевтың мақаласында белгіленген прагматизм, бәсекеге қабілеттілік, сананың ашықтығын дамыту, ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заманауи әлемдік мәдениет көшіне ілесу, қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері мен рухани құндылықтарын ұлықтау ұстанымдарына сай болуы шараның басты шарты ретінде қарастырылды.

Төрт сағаттан аса уақытқа созылған дебаттық сайыс қорытындысына сәйкес І орын Шиелі ауданының ұстаздар тобына бұйырса, ІІ орынды Арал ауданының әдебиетшілер тобы иемденді. Ал, осы әдеби сайыста интеллектуалдық белсенділігімен көзге түскен Қазалы ауданының ұстаздары ІІІ орыннан көрінді. Әдеби дебаттың соңы сахналық концертке ұласты.

Көптің көңілінен шыққан әдеби-мәдени шара мұнымен аяқталған жоқ. Түстен кейін дебатқа қатысушылар Арал қаласындағы «Әдебиет үйіне» бет алды. Мұнда қонақтар ардагер жазушының шығармашылық жұмырбаянымен танысып, қаламгерге арнайы салынған үйдің кітап сөрелері мен сырға толы суреттерді тамсана тамашалады.

Серікбай ҚОСАН.



Сыр өңіріндегі сақ дәуірінен сақталған ежелгі қалалардың бірі – Шірік-Рабат қалашығы. Шірік-Рабат қалашығы оңтүстік-батысында Парсы елі, терістігінде Ресей мен оңтүстік-шығысында Қытайды жалғастырған Ұлы Жібек Жолы бойында орналасқан. Шаһар сол заманда өмір кешкен халықтардың Хорезм, Парсы елдерімен шекаралық бекінісі рөлін атқарған. Өйткені, бұл елдердің байланысы кезінде арнасы тасыған Жаңадария арқылы жүріп отырған.

Қалашықты алғаш зерттеушілердің бірі С.П.Толстов. Ол Шірік-Рабат қаласын XII ғасырдағы «Инша» құжаттар жинағында көрсетілген Хорезм-Женд жолының бойында, Жендтен 20 фарсах (120 шақырым) жерде орын тепкен Сағ-дере мекенімен байланыстырады. Сағ-дере – түркі-иран сөздерінің тіркесі, мағынасы «оң аңғар, оң жақ алап» деген мағына береді. Ал Шірік-Рабат Жаңадария өзенінің оң жағалауында жатқандығы белгілі. С.П.Толстов осындай дәлелдерді келтіре отырып, Шірік-Рабат қаласы ерте ортағасырлық Сағ-дере қаласы деп тұжырымдайды. Шірік-Рабатта үлкен камалдар тұрғызылып, карауыл мұнаралары болған. Ерте кезеңде әскери мақсаттағы маңызға ие шаһардың бірі болғандығы байқалады. Бұл қаланың қорғаныс қабілетін арттыруда пайдаланылған арнайы нысандардың молдығынан да көрінеді. Қазір мұнда ғалым Ж.Құрманқұлов жетекшілік ететін археологиялық экспедиция 2004 жылдан бері археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді.

Қазіргі таңдағы мағынасы – топ болып жүру, бейбіт шеруге шығу. Яғни шеру сөзінің шығу тегі әскери мағынада болған. Сонымен қатар шеру сөзімен түбірлес «шерік» сөзін алып қарайтын болсақ, ол – «(көне сөз) сарбаз, жауынгер, әскер, көп қол» деген мағынаны білдіреді (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2008 жыл).

Бұл нұсқа бойынша «шерік»

бір дәлелі. Демек бұл жерде әскери бөлім тұрған. Енді Шірік-Рабат сөзін Шерік-Рабат сөзімен ауыстырып қарайтын болсақ, «кала әскерилер қаласы немесе жауынгерлер тұрағы» деген мағынаға ие болады. Беляевтың «Поперек Кызыл-Кумской пустыни» атты мақаласында да (Туркестанская ведомость, 1904, №10 и 31) қираған бекініс атауы Шерик-

Шаргтан қазақ тілінде өзгеріске ұшыраған шірік сөзі пайда болып, Шарг-Рабат Шірік-Рабат болып өзгеруі мүмкін.





Шірік-Рабат қаласындағы негізгі археологиялық зерттеулердің мақсаты Шығыс Арал өңірінің сақ дәуірі мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы және сақ мәдениетінің компоненттерінің кейінгі мәдениеттерде сақталу ерекшелігін айқындау болатын.

2017 жылы қалашықта негізінен үш нысанда археоло-

3-ші нысан. №1-обаға жүргізілген қазба жұмыстары.

Шірік-Рабат-4 деп аталатын обалар тобы қалашықтан солтүстікке қарай

700 метр жерде. Биік емес төбе үстінде тұрғызылған. Олар шығыстан оңтүстік-батысқа қарай тізбектелген. №1-оба орталық оба болып саналады. Ал, орталық обаның шығысында үш оба орналасқан, оның біреуі солтүстік-батысында орын тепкен. Аталған обалардың батыс және солтүстік-батыс бөлігінде, төбенің етегінде тағы екі құрылыс орны табылды. Солтүстік-батыс бөлігіндегі ескерткіштің сыртқы



САҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ МҰРАСЫ – ШІРІК-РАБАТ ҚАЛАШЫҒЫ



Шірік-Рабат қалашығы қазіргі Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 300, Қармақшы ауданы Көмекбаев ауылынан оңтүстікке қарай 99 шақырым жерде, Жаңадарияның көне арнасынан сол жағалауындағы көлемі 850х600 метр болатын, өзге төбелерден оқшау тұрған табиғи төбенің үстінде орналасқан. Ескерткіш мықты қорғаныс жүйелерімен қоршалған. Төбенің төменгі етегінде қазылған ор бар. Оның бүтінгі тереңдігі 4,5, ені 40 метрге жуық болса, ал одан шыққан топырақтан сыртқы дуал тұрғызылған.

Қала атауы орта ғасырлардан осылай атала бастауы ықтимал. Сөздіктерде түркі дәуірінде қолданылған «шеру» сөзі айтылады. «Шеру – жорық, әскер, салтанат; а) белгілі бір елдің қарулы әскері, жауынгер; б) жортуыл, аттаныс, қарулы қол, жасақ» деген мағына береді (Қазақ Совет Энциклопедиясы. 12 том. Алматы, 1978 жыл).

дегеніміз – әскери бөлім, жауынгерлер тобы. Енді «шірік» және «шерік» сөздерін қатар алып қарайтын болсақ, бір ғана дыбыс айырмашылығы бар. Қазақ тілінде сөздерде дыбыстардың көп өзгеріске ұшырайтыны секілді бұл жерде де «е» дыбысы ауызекі тілде «і» дыбысына ауысуы әбден мүмкін.

Шірік-Рабат қаласының сыртқы үлкен камалының биік етіп соғылуы және қарауыл мұнараның жиілігі бұл жерде күшті әскери бекініс болғандығын көрсетеді. Сонымен қоса қаланың әскери стратегиялық ролі жоғары болған. Бұл қаланың қорғаныс қабілетін арттыруда пайдаланылған арнайы нысандардың молдығынан да көрінеді. Камал ішінен жебе ұштарының көптеп табылуы, камал қабырғаларындағы садақ ататын ойықтармен қатар ішкі атқыштар галереясының орналасуы да қалада әскерлер қосындарының шоғырлануының

Рабат деп көрсетілген. Каллаур Шерик-рабат, Чирк-рабат, Чир-рик-кала атауларын салыстыра отырып, бәрінің бір мағынаға келетінін, қала атауының кейінгі кезеңдерде осылай атала бастағанын жазады.

Қала атауының этимологиясының келесі бір түсініктемесі, Шірік-Рабат қаласы атауының шығу тарихы сонау темір дәуірінен бастау алған. Сақ мемлекетімен қатар бір уақытта бірде табысып, бірде шабысып отырған өзі сияқты аса күдіретті Парсы мемлекеті өмір сүрді. Парсылар мен сақтардың арасында мәдени, саяси, сауда-саттық байланыстар зор болған. Осы парсы тілінде көнеден келе жатқан «шәрг» (шәрк) сөзі бар, Шірік-Рабат атауы аталған ұғымнан шығуы ықтимал. «Шарг» сөзін қазақшаға аударғанда шығыс, оңтүстік-шығыс, солтүстік-шығыс деген мағына береді (Узбекско-русский словарь. Мәскеу, 1959 жыл).

гиялық қазба жұмыстары мен консервациялық жұмыстар жүргізілді.

1-ші нысан. Қалашықтың ішкі бөлігінде орналасқан кесенеге уақытша сақтау, бекіту және тұмшалау жұмыстары жүргізілді. Тұмшаланатын ескерткішке кішкене сипаттама беріп кететін болсақ оның, сыртқы көрінісі төртбұрышты болып келген. Көлемі 10х10 м. Кесене іші төрт бөлмеден тұрады. Ортасы бір-біріне перпендикуляр болатын екі қабырғамен бөлінген. Ескерткіштің сыртқы қабырғасының қалыңдығы 3, биіктігі 1,6-1,7 метр. Оңтүстік және шығыс қабырғаларының биіктігі 0,2-0,5 метр, ішке кіретін ауызы оңтүстігінде орналасқан.

Ішкі бөлмелердің өлшемдері әртүрлі. №1-ші бөлме 300х320 см, №2-ші бөлме 350х350 см, №3-ші бөлменің іші 370х370 см болса, №4-ші бөлменің өлшемі 330х370 см құрайды. Бөлмелерге қатынайтын есіктерінің ені 1-1,20 метр. Қазба барысында анықталғандай, бұл ғимарат жерлеу орны екендігі белгілі болды. Ол, б.з.д. III ғасырға жататын Шірік-Рабат мәдениетіне тән ескерткіш.

2-ші нысан. Шірік-Рабат қалашығының оңтүстігіндегі ортағасырлық цитадельдің солтүстік-батыс бұрышында орналасқан құрылысқа археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

Қазба барысында бірнеше мәдени қабат аршылды. Жоғары қабаттан екі құрылыс орны табылды.

Бірінші құрылыс орны цитадельдің солтүстік-шығыс бөлігінде болса, екінші құрылыс орны оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан.

Бірінші құрылыстан төрт қабатты көруге болады. Алғашқыда беткі қабаты алынған соң үлкен құрылыс орны ашылды. Құрылыстың орталығынан шикі кесектерден (40х43х10-12 см) тұрғызылған платформа анықталды. Платформаның төменгі жағы құйылған саздан тұрса, жоғарғы жағын екі-үш қатар кесектермен көтерген. Бұл құрылыс суфальк немесе жауынгерлер алаңы қызметін атқарған болуы мүмкін. Сонымен қатар, сыртқы қабырғаға жақын құрылыстың батыс бөлігінен күйдірілген кірпіштен салынған ошақ табылды. Сыртқы пішіні төртбұрыш, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа бағытталған, ұзындығы 1 метр болатын бұл пештің аузы шығысқа қаратылған. Кірпіштерді қырынан қойған. Сақталған биіктігі – 20 см. Ішіндегі күл қабатының қалыңдығы 5-10 см.

көрінісі обаға ұқсас. Ал, екінші құрылыстың қабырғалары жақсы көрініп жатыр. Олардан керамика сынықтары жинап алынды.

Археологиялық зерттеу жұмыстары №1-обаға салынды. Оның диаметрі – 37, биіктігі 0,50 метрден 1,30 метрге дейін, керіш аралас топырақтан тұрғызылған. Ортасы ой ішіне қарай түскен, диаметрі 19 метр.

Алғашқыда қазбаны 20х3 м болатын барлау траншеясы салынып, кейін қазба кеңейтілді.

Атқарылған жұмыстардың барысында алынған дерекнамалық мәліметтер камералық өңдеуден өтті, мәдени-хронологиялық пайымдаулар жасалды. Жұмыстың қорытындылары ғылыми айналымға ендірілуге дайын.

Атақты тарих ғылымдарының атасы саналған Геродот өзінің «Тарих» еңбегінде Сақ тайпалары туралы баяндап, оларды 3 топқа бөлген. «Тиграхауда» – шошақ бөрікті сақтар, «Хаомаварга» – сусын дайындаушылар және «Парадария» – дарияның арғы бетіндегілер. Дегенмен, сақтардың үлкен бірлестік болғандығы тарихтан белгілі. Осы сақ тайпаларының үлкен орталықтағы – Шірік-Рабат қаласы ортағасырларда да халық қоныстанған мекендердің бірі.

Қалашық қазақ халқының байырғы ата-бабалар мекені, киелі орын ретінде саналады. Қазіргі таңда қалашықта археолог ғалымдар қазба жұмыстарын жүргізіп келеді және табылған жәдігерлерді облыстық өлкетану мұражайына тапсыруда. Олардың ішінде алтын бұйымдар, сүйектен жасалған бұйымдар, қару-жарақ түрлері мен садақтың жебе ұштары кездесіп отырады.

Қазіргі таңда ескерткіштің құрылысы мен табылған жәдігерлерді б.з.д. V-IV ғ.ғ. жатқызамыз.

2014 жылдан бастап облыс басшылығының қолдауымен бюджет есебінен төрт хандықтың астанасы болған Сығанақ, оғыздардың ордасы – Жанкент, сақтардың бірегей ескерткіші Шірік-Рабат және оғыздар қалашығы Сортөбе, Жент қалашықтарында археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Биыл да бұл жұмыстар жалғасын табады.

**Еркебұлан ЕЛЕУОВ,
Бекзат ОМАР,
облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі КММ қызметкерлері.**

1-бет

ЖАҢҒЫРҒАН ДӘСТҮРДІҢ ТАБЫСТЫ ЖОЛЫ

Жем қорын қалыптастыру мақсатында да облыста егін шаруашылығын әртараптандыру жұмыстары жүргізіліп, құрама жем өндіретін екі зауыт іске қосылды. Биыл халықаралық стандарттарға сәйкес келетін «Сыр маржаны» серіктестігінің ет комбинатының құрылысы басталмақ. Сонымен бірге тауарлы сүт фермаларының өндірістерін ұлғайту мақсатында жаңа жобаларды іске асыру көзделіп отыр. Биылдың өзінде Шиелі ауданында 1200 басқа арналған «Сыр Агро и К» серіктестігінің тауарлы сүт кешенінің құрылысы басталса, «Асылхан» шаруа қожалығының 200 бас малға арналған сүт тауарлы фермасы іске қосылды.

Ет, сүт өнімдерін дамытумен қатар, облыста ширек ғасыр бойы тұралап қалған құс шаруашылығы

да қолға алынуда. Былтыр Шиелі ауданында жұмыртқа өндіретін «Мөддір и К» серіктестігінің құс фермасы іске қосылса, Қармақшы ауданында «Қармақшы құс» серіктестігінің құс егін өндіретін фабрика құрылысы басталды. Сонымен қатар Қызылорда қаласында ет бағытындағы «Орда» шаруа қожалығының, жұмыртқа бағытындағы «Самұрық құс» серіктестігінің құс фермалары жұмыс жасауда.

Өткен жылдан бастап «Бай-қоңыр» ӘҚК арқылы облыстық бюджеттен мал шаруашылығын дамытуға 1 млрд теңге қаржы бөлініп, «ОрдаАгротехнология» серіктестігі 150 бас асылтұқымды Сангта Бертруд, «Бекарыс АгроФуд» серіктестігі 300 бас мал тұратын қалмақ тұқымды репродуктор шаруашылықтарын

құрды. Сондай-ақ «Саламат Агро» серіктестігі 1,5 мың бас мүйізді ірі қараға лайықталған бордақылау алаңы мен шағын ет комбинатын іске қосса, биыл

шағын ет комбинаты мен 3 мың бас мал бордақылау алаңын жандандыратын «Шаған Агро-Фуд» серіктестігінің өзге де жобаларға бюджеттен 1,3 млрд



теңге қарастырылып, облыста мал шаруашылығын дамытудың кластерлік негізі қалыптастырылуда. Осы шаралар толық орындалғанда 2019 жылы мал шаруашылығының дамуы қалыпты өсіп, ет өндірісі 17%, сүт өндірісі 7%, жұмыртқа 65%, құс етін өндіру 69,9 есеге артады деген жоспар бар.

Міне, осындай игілікті істердің бастау алып, алға жылжуына малышлар слетінің ықпалы зор.

Биылғы төртінші мәрте ұйымдастырылатын слетке қатысушылар бірқатар шаруашылықта болып, асылтұқымды мал шаруашылығын дамыту және өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдары туралы семинарға қатысып, шаруа қожалықтары өнімдері қойылған көрмені тамашалайтын болады. Шараның көркін ұлттық спорт ойындары қыздырады. Білекті балуандар боз кілемде белдессе, өнерпаздар еңбеккор жандарға тарту жасайды.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы».

ЖАЙҚАЛҒАН ЖЕМІС БАҒЫ



Жосалы кентінде тұратын баб-бан Мұсағали Өскелек ағамызбен танысып әңгімелескелі «біздің жерге жеміс ағаштары шықпайды» дейтініміз құр сылтау екенін түсіндім.

– Малшының баласы едім. Әскерде Германияда болдым. Көкөрай шалғынды, малынған жеміс-жидекті сол кезде бірінші рет көрдім. Немістер тәртіпке бағынған халық қой, жеміс ағаштарынан керектің үзіп жейді, сындыру, бүлдіру дегенді білмейді, – дейді ол.

Екі жылдан кейін елге оралған соң, ол бақша етумен айналысты. Өзі ПМК-30 мекемесінде жұмыс істей жүріп, «Шошқа-көл» деген жерден 3,5 гектарға дақылдың түр-түрін екті. Таңғы сағат 4-тен тұрып, суарып, арамшөбін отап, кері қайтады.

Кейін 90-жылдары 1 гектардай жерді өңдеп, қызанақты, қиярды, қауын-қарбызды молынан жинады. Біртіндеп өнім алу тәсілдерін жетілдіре бастады. Әсіресе, жас өскінге бой көтертпейтін арамшөптерді отаудың әдістерін ойлап тапты.

– Мәселен, жерді арамшөптен арылту үшін 1-2 сағат уақыт жұмсау керек. Мен

жерді аударып аламын да, топырақты арамшөптің былтырдан қалған дәндерінен тазартамын. Оған дейін көшеттер дайын тұрады, – дейді бағбан.

Ол бір бөлмені көшет егуге босатып, жер қызғанада дейін бой түзетіп қояды. Әлемге егілігі агротехникалық компаниялардың әріптесі – «Беккер» ұсынған тұқым түрлері мен сорттарын, көшеттерін, жуаларын интернет арқылы тапсырыспен алдырады. Компания жіберген каталогтарда әр сорттың мінездемесі, неше күнде көктейтіні, қалай күтімге алу керектігі егжей-тегжейлі жазылған. Бағбан сондағы көрсетілген кеңестердің ізімен жүреді.

– Қазір сырт жерден келген тұқымдарды көбейтіп қойдым. Таңдаулыларын егемін. Күн райы бұзылып кетсе, үстің кленкамен жаба қоямын. Менің бақшам басқа жұрттың бақшасынан бір, бір жарым ай бұрын піседі.

Бағбан қызанақтың «Черная гроздь», «Черный принц», «Черри», «Бычье сердце» сорттарының тұқымын біздің табиғатқа қалай үйреткенін айтты. Дәнді көшет етіп отырғызған соң, октын-октын далаға шығарып, әлсіреп бара жатса қайта үйге кіргізіп, бақалай баптайды. Бір-екі аптада ресейлік тұқым жергілікті ауа-райына үйреніп кетеді. Бүгінде осы және басқа да сортағра сұраныс жоғары. Кент тұрғындары көшетін түр-түрін Мұсағали Өскеленнің бағынан алады.

Бақ демекші, бағбан жоғарыда айтқан 1 гектар жердің жартысына жеміс ағаштарын отырғызды. Қазір кез келген жеміс ағашын

бір-бірімен будандастыруды меңгеріп алған. Жеміс ағашының нашар деген сортын өзінен будандастыру арқылы топ-тәуір өнім алуға болады.

– «Әйгілі апорт алмасы Қармақшыда бір үйде өседі екен» дегенді естіп, егесіне бардым. Алма ағашы қартайып қалыпты. Ағаштан бұтақ алып өз ағаштарыма будандастырдым. Қазір шығымы жақсы, – дейді.

Екі жүздей жеміс ағашы жайқалған бақта қаракаттың түр-түрі, алма, алмұрт, жүзім, өріктің түрлері өседі. Ал бақшалық жағына қызанақтың 10-нан аса, қиярдың 17, болгар бұрышы мен баклажанның 4-5, асқабақтың «Гитан» сорты өтеледі.

Күздегі берекелі шақта жиналған өнім қысқа сақтауға да, маринадауға да, ағайын-туыс, көрші-көлемге беруге де, сатуға да жетеді. Пайдасын көріп отырмыз, – дейді бағбан.

Жердің қызғанын күтіп отырған жұртшылық үйіргелік жеріне қызанақ, қияр егу үшін көшет іздейтін күн келді. Мұсағали Өскеленнің айтуынша, бұрын көшетті базарға алып шығатын болса, қазір үйден алып кетеді.

Кейде енжарлық пен жалқаулықты ақтау үшін түрлі сылтауларды өзіміз ойлап келеміз. Соған өзіміз сеніп қалатынымызды айтаңызшы... Өйтпесе бақты жайқалтып, бақшаның бабын тапқан бағбанмен су мен ауамыз ортақ, жеріміз бір емес пе?

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».

Қармақшы ауданынан.

БАТЫР АНАНЫҢ НҰРЛЫ ӨМІРІНЕ АРНАЛДЫ

Жуырда Шиелі ауданының Еңбекші ауылдық мәдениет үйінде Социалистік Еңбек Ері, Батыр ана Ұлбала Алтайбаеваның 95 жылдық мерейтойына арналған «Сөнбек жұлдыз, нұрлы өмір, батыр ана» атты облыстық жазба акындардың жыр мүшәйрасы өткізілді.

Отан байлығын молайту жолында талмай еңбек етіп, абырой биігінен көрінген Ұлбала Алтайбаева – Сыр өңірінің мақтан тұтар аналарының бірі. Күріш өсірудің қыр-сырын үйренген ол жақасөзшілерді қозғалысының бел ортасында жүрді. Жоғарғы еңбек көрсеткішіне қол жеткізді.

Батыр ананың ғибратты ғұмырына арналған жыр мүшәйрасының қорытындысында бас жүлдені Қазалы ауданынан келген Ақжол Түменбай иеленді. Ал, бірінші орынға шиелілік Айғанын Құрмашева, екінші орынға жалағаштық Серік Жұманша мен шиелілік Бекжан Ержігіт тұрақтады. Үш үшінші орынды Алтынбек Қыстаубаев (Арал ауданы), Сұлтанбек Қожабеков (Шиелі), Хантөре Ақтөреұлы (Жанақорған) өзара бөлісті.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Шиелі ауданы.

бүгінде беделді де лауазымды қызмет атқарып жүрген тұлғалардың бары көңілге қуаныш ұялатады. Бір қызығы, осы азаматтардың балалары да Астана, Алматы, Қызылорда мен Қазалыда командалар жасақтап, игі жолды жалғастырып келеді.

Мереке қарсаңында Қазалы ауданының ардагерлері кіші футболдан жарыс өткізді.

Шараның ашылу салтанатында аудан әкімі Мұрат Ерғешбаев салауатты өмір салтын қалыптастырып, үнемі спортты жаңына серік еткен азаматтардың бұл үрдісі келешек ұрпаққа үлгі-өнеге екенін айтып, ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді.

Мұнан соң танымал палуан, грек-рим күресінен ҚР еңбегі сіңген спорт шебері, Астана қаласынан келген Жаңабек Бейбітов аудан басшыларына ризашылығын білдіріп, №216, 234, 70 мектеп, №266 мектеп-лицей оқушыларына футбол формаларын табыстады.

Аса тартысты өткен қыста «Астана» командасы жеңімпаз атанды. Ал, қалған орындарды «Қазалы-1», «Қазалы-2», «Замандастар» командасы еншіледі. Айта кетерлігі, осы жолғы жолдастық кездесуге Астана, Алматы, Тараз, Ақтау, Қызылорда қаласы мен Мәскеуден де ойыншылар келіп қатысты.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

ЕР ЕСІМІН ЕҢБЕК ШЫҒАРАДЫ

Жаңақорған ауданының Екпінді ауылында Еңбек ардагері, ҚазКСР Жоғарғы кеңесінің депутаты, екі рет «Құрмет белгісі» және Ленин орденінің иегері, тракторист, күрішші-механизатор Қалипа Түлкібаеваның 100 жылдығына арналған «Мерей мәртебесі мәңгілік ана» атты достық рәуіштегі аймақтық ақындар айтысы өтті.

Айтулы шараны Жаңақорған ауданының әкімі Ғалым Өміреев ашып, еңбек майталманы Қалипа Түлкібаева туралы толымды пікірін ортаға салды.

Айтысқа Астана қаласынан Мұхтар Ниязов, Алматы қаласынан Мөддір Айтбай, Оңтүстік Қазақстан облысынан Карима Оралова, Ақмарал Леубаева, Өзбекстан Республикасынан Бөрібай Оразымбетов және Жаңақорған ауданынан Әбілхайыр Сыздықов қатысты. Айтысты қызылордалық ақын Мамыр Байдулөлетов жүргізді. Ақындар сайысы алдында аудан өнерпаздары тартымды көрініс көрсетті. Онда Қалипа Түлкібаеваның өмір жолынан үзік сәттер көрсетіліп, компо-



зитор Б.Байкенжеевтің «Қалипа» әнін Әбсұлтан Байкенжеев тамылжыта орындады.

Айтыс майталмандары қатысқан шара тартысқа толы болды. Ақындар Қалипа Түлкібаеваның ерен еңбегін кеңінен жырлап, жиылған жұрттың ықыласына бөленді. Шара соңында Жаңақорған аудандық мәслихат хатшысы Ерғали Ильясов, аудан әкімінің орынбасары Бақытжан Айтбеімет ақындарға рәхметін айтып, алғыс хаттар мен ақшалай сыйлықтарды табыс етті.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы.

СПОРТ

ТАРТЫСТЫ ӨТКЕН ТУРНИР



2008 жыл. Астана қаласының тұрғыны, қазыналы Қазалының перзенті Бауыржан Ахантай салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Достар» қорын құрған болатын. Игілікті істі өзге өңірлерде тұратын басқа да жерлестер қызу құптады. Осылайша, Қазалы түлектерінен арнайы спорт командасы жасақталып, бәсі биік бәсекелерде бақтарын сынаған. Сонан бері 10 жыл өтті.

Осы аралықта Қазалы түлектері Астана, Алматы, Ақтөбе, Тараз, Қостанай, Көкшетау, Қызылордада спартакиада ұйымдастырып, көрермендер ілтипатына бөленді. Атағы көпке мәлім «Қайрат» футбол командасымен, Ресей, Қырғыз елінің аяқдопшыларымен жолдастық кездесу өткізді. Спорт бәсекесіне арнайы шақырылған қазалылық спорт ардагерлері үнемі белсенділіктерімен ерекшеленіп жүрді. Қазалыдан жасақталған ардагер спортшылар командасының көшбастары ретінде танымал азамат Толыбай Жүсіповтің есімін атап кеткен жөн.

Мәнісі зор спорт шараларына бастамашы болып жүрген ел азаматтарының қатарында кезінде аудандық, облыстық, республикалық жарыстарда топ жарған саңлақ спортшы,

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-ғ, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» – ақылы қызмет.

Құттықтау





Қызылорда қаласының тұрғыны, құрдасым Насибеков Жолдасбек Ердібекұлына

Өмірің өнегемен өрнектеп, білім мен біліктің, ақыл мен парасаттың үлгісі болған ұлағатты ұстаз Жолдасбек Ердібекұлын құрметті зейнет демалысына шығуымен құттықтаймын!

Именем құдық қазандай ұстаздық жолыңызда шәкірт тәрбиелеп, балауса мұғалімдерді мәуелі бәйтерекке айналдырып, оларды іскерлікке, ізденіске үйретіп, физика ғылымының түрлі құпияларын ұғынуға талпындырдыңыз. Ұстаздық еңбек жолыңызда талай белестерді бағындырып, ұжымның, достарыңыздың және ағайынның құрметіне бөлендіңіз. Арнаулы орта біліммен жүрген талай маманды жоғары білім алуға, білім алып қоймай, ізденуге, ізденісін оқыту үрдісінде қолдануға, оның нәтижесін пайымдауға қол сілтедіңіз. Оқу ісінің қыр-сырын біле жүріп, мектеп басқару ісінің сан-алуан жолын игердіңіз. Осындай атаулы күнге сіз асыл әке, ардақты ата атанып, өміріңіз қуатты, көңіліңіз шуақты қалпында жеттіңіз.

Жасыңызға жас қосылып, сіз нұрдандырған шаңырақтан шаттық кетпесін дей отырып, жан жарыңыз Роза есеуіңізге қазыналы қарттық пен әдемі картаюды тілеймін.

Құрметпен,
ардагер-ұстаз Жұман Балғожаева.



Құттықтау

«Цесна» Корпорациясы» акционерлік қоғамын 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз. Осы уақыт ішінде корпорация табысты еңбек етіп, өзін қазақстандық ұлттық бренд ретінде танытты.

Корпорация басшылығы мен ұжымына алға қойған мақсаттарға жету жолында жемісті еңбек пен талағай табыс тілейміз.

Құрметпен,
НАХАТОВ,
«Қызылорда» Автобус паркі» ЖШС директоры.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ӨМІРДІ АДАЛДЫҚҚА НЕГІЗДЕЙДІ

Қызылорда медициналық жоғары колледжінде «Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі органдардың 20 жылдық қалыптасуы» тақырыбында оқу сағаты өтті. Шараның мақсаты – оқытушылар мен студенттерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнаманың негізгі ережелерін, қоғамды дендеген қауіпті ішкілік органдарына, экономикаға тигізер зиянын талдан түсіндіру.

Сыбайлас жемқорлық – қоғамды дендеген дерт. Аталған заңсыздық экономикалық заңдардың іс-әрекеттерін төмендетіп, әлемдік қауымдастықтың алдында елдің беделін түсіреді. Бүгінде жемқорлықты жоюдың негізгі шарттарының бірі – мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, әлеуметтік және экономиканың негізгі қозғаушы салаларын электрондық түрге көшіру болып табылады. Бұл шаралар мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты кең ауқымда түсіндіріп, құқық бұзушылыққа мүлдем тәубешілік қағидатын қалыптастырады.

Жиын барысында сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық және оған қарсы күрестің негізгі принциптері жайлы жалпы ереже таныстырылып, студенттер өз құқықтарымен және сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілермен танысты.

Мұндай шаралардың жастарға берері көп. Әсіресе, олардың бойындағы жауапкершілікті арттырып, өмірлерін адалдық қағидатына негіздеуді деп сенеміз. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса береді.

Айнұр АХМЕТОВА,
заңгер.

Пейіште нұрың шалқысын



Кейін Қызылорда қаласындағы «1 Май» (қазіргі Қ.Мұхамеджанов атындағы), №171 Ғ.Мұратбаев атындағы мектептерде ұстаздық жолын жалғастырып, 20 жылға жуық №7 балабақшаның меңгерушісі қызметін абыройлы атқарды. Бірнеше жыл бала тәрбиесіне арнаған жемісті еңбегі бағаланып, Қазақстанға еңбегі сіңген ұстаз, республикалық дәрежедегі зейнеткер, бірнеше медальдардың иегері атанды. Өмірден ерте озған әкеміз Аралбайдың аманатын адал орындап, біздерді тәрбиелеп өсіріп, бәріміздің жоғары білімді, білікті маман болуымызға аналық қамқорлығын аямады. Немеңгерлерінің қызығын көріп, «Үлкен Мама» атанып кеткен асыл анамызды сағынамыз, іздейміз.

Жатқан жайың жұмақта болсын. Жаратқаннан жарылқау тілейміз, Алла мәңгілік шапағатына бөлесін.

Анамыз Қанымжан Байзаққызының жылдық асы 13 мамыр күні сағат 12.00-де «Науат palace» мейрамханасында өтетінін хабарлай отырып, барлық жамағатты қасиетті құранның ішінде болуға шақырамыз.

Еске алушылар: Махамбетовтер әулеті.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, «Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес ҚР Жазушылар одағының мүшесі, облыстық мәслихат депутаты, «Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы» ЖШС құрылтайшысы, белгілі ақын Әбдікерімов Шәкізата Өтетілеуұлына апасы

Айғанна Өтетілеуқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық ішкі саясат басқармасы және «Сыр медиа» ЖШС ұжымы белгілі ақын, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, облыстық мәслихат депутаты, «Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы» ЖШС құрылтайшысы Шәкізата Әбдікерімовке апасы

Айғанна Өтетілеуқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газеттің келесі саны 15 мамыр, сейсенбі күні шығады.

Кезекші редактор **Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**

Меншік иесі

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі
шектелуі
серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
төл/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
төл: 8/7242/ 40-02-17

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 30315
Тапсырыс №707